


Құрылтайдағы
құнды бастама

3-бет



Аудан дамуында
ірікіліс жоқ

6-бет



Алма гүлінің
іісі аңқыған
кеш

8-бет



Тарихи талғам таразысы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда жариялаған реформалар мемлекеттік жүйенің құрылымдық архитектурасын түбегейлі өзгертіндей ауқымды сипатқа ие. Осыған байланысты ұсынылған әрбір блок жеке-жеке терең ой елегінен өткізуді және талдауды талап етеді.

Осы орайда бірпалаталы Парламентке көшу және заң шығарушы органның атауын «Құрылтай» деп өзгерту мәселесіне қатысты өз көзқарасымды білдіргім келеді.

Ұсынылған тұжырымдар мен пайымдарды жинақтай отырып, парламенттік реформаны өкілді биліктің неғұрлым шоғырланған моделін саналы түрде таңдау ретінде қарастыру орынды деп санаймын.

Бірпалаталы Құрылтай моделінде палаталар арасындағы функциялардың қайталануы жойылады. Заң шығару үдерісі анағұрлым болжамды әрі жедел болады, әлеуметтік-саяси және экономикалық салалардағы жағдайларға әрекет ету жылдамдығы артады. Бұл қазіргі жаһандық тәртіптің жылдам өзгеруі жағдайында аса маңызды.

«Құрылтай» ұғымын енгізу, менің ойымша, Парламентке тарихи алғышарттарға негізделген ерекше мазмұндық өлшем береді. Мұнда мемлекеттік басқарудың іргелі негізі ретінде жалпыұлттық консенсус, мемлекеттің дамуының негізгі мәселелері бойынша келісім және ұжымдық талқылаудың маңыздылығы алдыңғы қатарға шығады.

Осындай өзгерістер логикасына елдің жоғары консультативтік органы – Халық кеңесін құру да үйлесімді түрде енеді. Оның құрамы мен өкілеттіктері шешімдерді ұжымдық түрде талқылау мен пысықтауға деген сұраныстың бар екенін айқын көрсетеді.

Құқықтық тұрғыдан алғанда, бұл негізгі конституциялық блоктарды қайта құруды білдіреді: өзгерістер мен реформалар биліктің барлық тармақтарын қамтиды, сонымен қатар, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің қағидаты мен басқару нысаны сақталады, жаңа институттар енгізіледі.

Мұндай институционалдық жаңғыру мемлекеттік биліктің легитимділігін арттырып, қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етуі мүмкін. Азаматтардың шешім қабылдау үдерістеріне қатысу деңгейі кеңейіп, өкілді органдардың қоғамдық сұраныстарға жауап беру қабілеті күшейеді. Бұл өз кезегінде саяси мәдениеттің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне негіз қалайды. Бірпалаталы модель саяси жауапкершілікті нақтылап, қабылданған заңдар үшін институционалдық есептілікті күшейтеді.

Айжан ҚИЯСОВА,
гендерлік теңдік мәселелері
бойынша Қарағанды облысы
әкімінің штаттан тыс кеңесшісі

Цифрлы жүйе сиқырлы әлем емес

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялаған болатын. Одан бөлек, күні кеше Ұлттық Құрылтайдың бесінші отырысында «Цифрландыру және жасанды интеллект жылын сән қуып, ұрандату үшін жариялаған жоқпыз. Бұл шешім бүкіл мемлекеттік аппаратқа нақты міндет жүктеп отыр. Бұл – стратегиялық міндет. Сондықтан, мемлекет үшін айрықша маңызды осы міндетті орындауға қатысты талап та өте жоғары болмақ. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесі нақты әрі көзге көрінетін көрсеткіштермен өлшенуге тиіс» деп баса айтты. Бүгінде Қарағандыда қалалық басқарудың тиімділігін арттырып, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған цифрлық және жасанды интеллектке негізделген жобалар кезең-кезеңімен енгізілуде. Солардың қатарында жол жамылғысының сапасын автоматты түрде бақылайтын JoLScan, ақылды автотұрақты басқаруға арналған ParkKing.kz жүйесі, ұялы байланыс сапасын талдайтын CellMap, қаланың жасыл желектерін цифрлық форматта есепке алатын TreeMap жобасы мен интеллектуалды бағдарламалар, «Жаяу жүргінші өткелі» кешені бар. Бүгінде жасанды интеллект қала инфрақұрылымын басқаруда тиімді әрі сенімді құралға айналып, нақты нәтижелерін көрсетіп келеді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



**Іздеуде жүрген
268 адамды камера анықтады**
Қазіргі таңда жасанды интеллект нейрондық желілерге деген қоғамдық қызығушылықтың артуына байланысты қолданыс аясы кеңейіп келеді.
– Осы бағыттағы негізгі жобалардың бірі – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз

етуге арналған қалалық бейнебақылау жүйесі. Қазіргі таңда облыс аумағында шамамен төрт мыңға жуық камера орнатылған. Оның ішінде, 180-і аппараттық-бағдарламалық кешен ретінде жұмыс істеп тұр. Бұған жылдамдық өлшегіштер, жол қиылыстарындағы бақылау жүйелері және ақылды жаяу жүргіншілер өткел-

дері кіреді. Кешендердің саны жыл сайын орта есеппен 300-ге артады. Биыл да қосымша 300 бейнебақылау камерасын орнату жоспарда бар. Бұл инфрақұрылым бейнебақылау талдап, оны нейрондық желілерге бағыттау арқылы қосымша әрі құнды деректер алуға мүмкіндік береді, – деді Константин Павлович.

► 5-бет

Бала неге өмірден баз кешеді?

Қарағанды облысында балалар қылмысы 19,5 пайызға азайды. Алайда, дәл осы кезеңде балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид 34,4 пайызға өсті. Бұл екі түрлі статистика бір ғана шынықты аңғартады: балалар қауіпсіздігі мәселесін тек қылмыс көрсеткішімен өлшеу жеткіліксіз. Статистика осылай сөйлегенмен, балалардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелер толық шешілді деу әлі ерте. Құрғақ сандардың сыртында назардан тыс қалған тағдырлар мен қорғансыздық жатыр.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балаларға қатысты қылмыстар қоғамның әлеуметтік, құқықтық және психологиялық ахуалын айқындайды. Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі мемлекет үшін де, қоғам үшін де басым бағыт болып қала береді. Өңірде жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстардың нәтижесі бар. Дегенмен, мәселенің күрделілігі мен көпқырлылығы әлі де алаңдататыны рас.

Полиция департаментінің мәліметінше, 2025 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша өңірде жүргізілген кешенді алдын алу шараларының нәтижесінде жасөспірімдер жасаған қылмыстар 1 пайызға, ал, кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстар 19,5 пайызға төмендеген. Бұл қабылданған профилактикалық шаралардың тиімділігін көрсетеді. Дегенмен, мамандар статистиканың өзі мәселенің толық шеші-



генін білдірмейтінін алға тартады.

Облыста балалар мен жасөспірімдерге қатысты қылмыстардың ішінде ұрлық пен тонау деректері жиі тіркеледі. Құқық қорғау органдары мұндай қылмыстардың басым бөлігі көшелер мен қоғамдық орындарда орын алатынын айтады. Бұған жасөспірімдердің бос уақытын бақылаусыз өткізуі, кешкі және түнгі уақытта ата-аналық бақылаудың әлсіреуі әсер етеді.

Жасөспірімдер кей жағдайда жеңіл әрі жылдам жолмен ақша табуға ұмтылып, қылмыстық ортаға тартылып жатады. Бұл олардың құқықтық жауапкершілікті толық сезінбеуімен, өмірлік тәжірибесінің аздығымен және сыртқы әлеуметтік ықпалға бейімділігімен бай-

ланысты.

Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқарма мамандарының дерегіне, қазіргі таңда балалар үшін ең осал бағыт – психоэмоционалдық қауіпсіздік. Қазіргі балалар тікелей физикалық қауіптен гөрі, жалғыздық, қысым, күйзеліс, өзін қажетсіз сезіну сияқты ішкі күйзелістерге жиі тап болады. Бұл мектептегі буллинг арқылы отбасында ересектердің баланың ішкі жан дүниесіне жеткілікті көңіл бөлмеуінен немесе цифрлық кеңістіктегі бақылаусыз ықпалдар салдарынан көрініс табады.

Балаларға төнетін қауіптердің бірі – интернет пен әлеуметтік желілердің әсері. ЮНИСЕФ деректеріне сәйкес, Қазақстандағы балалар мен жасөспірім-

дердің 66 пайызы интернетті әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау үшін пайдаланады. Ал, 21 пайызы кибербуллингке тап болғанын, 20 пайызы әлеуметтік желілерде бейтаныс адамдарды дос ретінде қосқанын мойындаған.

Сонымен қатар, өңірде киберқылмыс, буллинг және бопсалау бойынша 1 дерек тіркелген. Аталған факт бойынша Бұқар жырау ауданында баланың заңды өкілі Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 127-2-бабының 1-бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұл дерек интернет кеңістігіндегі қауіптердің әлі де өзекті екенін және балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы профилактикалық жұмысты күшейту қажеттігін көрсетеді.

– Өңірде балалар қылмысының алдын алу бағытында мектептермен бірлескен профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Оқушылармен дәрістер, түсіндіру әңгімелері және интерактивті кездесулер ұйымдастырылып, онда құқықтық жауапкершілік, буллинг пен кибербуллинг, интернет қауіпсіздігі, суицидтің алдын алу, есірткі мен алкогольдің зияны секілді өзекті тақырыптар қамтылады. «Жасөспірім», «Қауіпсіз мектеп», «Түнгі қаладағы балалар» атты кешенді алдын алу іс-шаралары тұрақты түрде өткізіледі. Қауіп тобындағы балалармен жеке жұмыс та басты назарда.

► 6-бет

• ДЕНСАУЛЫҚ

Қайта даярлаудағы қайталанбас тәсіл

Облыста балаларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған маңызды бастама іске қосылды. Денсаулық сақтау басқармасының базасында балалар денсаулығы саласындағы мамандарды даярлайтын жаңа оқу-әдістемелік орталық өз жұмысын бастады. Орталықтың басты мақсаты – медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру арқылы ана мен бала өлімін азайту.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа орталық медицина қызметкерлерінің барлық деңгейін қамтиды. Мұнда орта буын мамандардан бастап, дәрігерлер мен денсаулық сақтау жүйесінің басқарушыларына дейін кәсіби даярлықтан өте алады. Бұл балалар медицинасы саласында жүйелі әрі үздіксіз білім беруді жолға қоюға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Лейла Оспанованың айтуынша, орталық балалар медицинасының негізгі бағыттары бойынша мамандардың біліктілігін арттыратын тұрақты алаңға айналады.

– Сондай-ақ, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлерді даярлау жоспарланып отыр. Бұл отбасыларды сүйемелдеуде кешенді, командалық тәсілді қалыптастыруға жол ашады, – деді ол.

Орталықты дамытудағы маңызды қадамдардың бірі – көпсалалы облыстық балалар клиникалық ауруханасы мен медициналық университет арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылуы. Бұл әріптестік ғылыми-әдістемелік қолдауды күшейтіп, кадр даярлау процесіне заманауи клиникалық тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасы үш негізгі бағытты қамтиды: балалар ауруларын интеграцияланған басқару, патронаждың әмбебап-прогрессивті моделі және балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету. «Бала айналасындағы команда» қағидаты аясында медициналық, әлеуметтік және білім беру қызметтерінің өзара ықпалдастығына ерекше мән берілген.

Оқу-әдістемелік орталықтың әкімшісі Диана Винниктің айтуынша, сабақтар интерактивті форматта өтеді.

– Орталықта арнайы жабдықталған кабинеттер, балалар тамақтануы бойынша ресурстық орталық және регитратация пункті жұмыс істейді. Сондай-ақ балаларға шұғыл көмек көрсету мен жедел жәрдем фельдшерлерін даярлау жеке бағыт ретінде қарастырылған, – деді ол.

Алғашқы тыңдаушылар да оқу курстарының практикалық маңызын жоғары бағалап отыр.

Облыстық жедел медициналық көмектің №5 қосалқы станциясының фельдшері Татьяна Дубовец курстар барысында медициналық сұрыптау мен тым жас балалардағы күрделі жағдайларды анықтау мәселелері жан-жақты қарастырылғанын атап өтті.

– Бұл білім күнделікті жұмыста ескерілуі тиіс маңызды тұстарды нақты көрсетті, – деді ол.

Фельдшер Милана Бейсованың айтуынша, шеберлік сабақтар теория мен тәжірибені тиімді ұштастырған.

– Оқыту түсінікті әрі мазмұнды болды. Интеграцияланған басқару элементтерін бірден тәжірибеде қолдануға болады, – деді ол.

Жаңа оқу-әдістемелік орталық алдағы уақытта балаларға көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған кәсіби даму мен тәжірибе алмасудың тұрақты алаңына айналмақ.

• ФОРУМ

Ортақ үй, ортақ мүлік, ортақ мүдде

Күні кеше өткен V Ұлттық Құрылтайда қоғамды басқару, азаматтардың жауапкершілігі мен билікке деген сенімді арттыру мәселелері кеңінен қозғалған еді. Бұл бағыттағы ой-пікірлер өңірлерде нақты салалар аясында жалғасын табауда. Соның айшықты бір көрінісі – аймақта өткен көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару мәселелеріне арналған форум-семинар. Жиында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өзекті түйткілер, мүлік иелерінің бірлестіктері мен пәтер иелері кооперативтерінің жұмысы, сондай-ақ, басқарудың жаңа тәсілдері кеңінен талқыланды. Форум «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» тақырыбын арқау етті.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форум Қарағанды облыстық «AMANAT» партиясы филиалында «TURGYNDAR AMANATY» партиялық жобасы аясында ұйымдастырылды. Жиынға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Құдайберген Бексұлтанов пен Бауыржан Смағұлов, «AMANAT» партиясының хатшысы Александр Данилов, орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, салалық комитеттер, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ, облыс қалалары мен аудандарынан мүлік иелерінің бірлестіктері мен пәтер иелері кооперативтерінің төрағалары қатысты.

Форум басталар алдында салалық ведомстволардың қатысуымен консультациялық бөлім ұйымдастырылып, қатысушылар тұрғын үй қорын басқару мен заңнама нормаларын қолдану бойынша практикалық түсіндірулер алды.

Пленарлық отырысты ашқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тұрғын үйді басқару мәселесінің тек салалық емес, әлеуметтік мәні зор екенін атап өтті.

– Көппәтерлі тұрғын үйлерді тиімді басқару азаматтардың өмір сапасына тікелей әсер етеді. Адамдардың күнделікті тұрмысы, қауіпсіздігі, жайлылығы қашан да маңызды. Сондықтан, тұрғындармен сенімге негізделген, ашық әрі жауапты жүйе қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл бағытта басқарушы құрылымдардың жұмысы барынша ашық болып, қабылданатын әрбір шешім тұрғындарға түсінікті болуы тиіс. Мемлекет өз тарапынан құқықтық негізді жетілдіріп, тұрғындардың басқару үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасайды. Ал, тұрғындар үшін ең маңыздысы – өз үйіндегі мәселелерді өздері шешуге



мүмкіндік алу, – деді өңір басшысы.

Ермағанбет Қабулаұлының айтуынша, аймақта 6,5 мыңға жуық көппәтерлі тұрғын үй жаңа басқару нысандарына көшуі тиіс. Алайда, бұл үдеріс өңірде біркелкі жүріп жатқан жоқ. Осыған байланысты тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын күшейту, кадр даярлау және бақылау тетіктерін жетілдіру қажет.

Форум барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы заңнамалық өзгерістер кеңінен сөз болды. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне қарасты Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитетінің өкілі Самал Саурыкова «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға енгізілген түзетулердің мазмұнына тоқталып, олардың практикалық іске асу тетіктерін түсіндірді.

Алқалы жиынға орталық мемле-

кеттік органдардың өкілдері де белсене қатысты. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитеті төрағасының орынбасары Канат Мыңбаев тұрғын үй қорын басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына тоқталды. Оның айтуынша, заңнамадағы өзгерістердің тиімді іске асуы үшін жергілікті атқарушы органдар, басқарушы субъектілер және тұрғындар арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін күшейту маңызды.

Басқосуда көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару сапасын бағалау мен қызмет көрсету стандарттарын енгізу мәселесі де қозғалды. Халықаралық сертификаттау ұйымы – ICert өкілдері тұрғын үйлерді басқару саласында қолданылатын сапа стандарттары, қызмет көрсетудің тиімділігі мен тұрғындар сенімін арттырудағы сертификаттау-

дың рөлі жөнінде баяндама жасады. Мамандардың пікірінше, басқару процестерін халықаралық талаптарға сай жүйелеу қызмет сапасын арттырып қана қоймай, тұрғындар мен басқарушы ұйымдар арасындағы жауапкершілікті нақтылауға мүмкіндік береді.

– Соңғы түзетулердің арқасында біз үйді өзіміз басқару мүмкіндігіне ие болдық. ОСИ құрамындағы қызметкерлердің бәрі – сол үйдің тұрғындары, бұл өз кезегінде жауапкершілікті арттырады. Дегенмен, цифрлық сервистерді пайдалану кезінде, әсіресе жасы үлкен тұрғындар үшін бірқатар қиындықтар туындап отыр. Сондықтан, басқару құралдарын баршаға түсінікті ету қажет. Біз қабылданған әрбір шешімді тұрғындармен ақылдасып, қаржы қозғалысын үнемі жіті бақылауда ұстаймыз. Осы ретте циф-

рландыру құралдары тұрғындарды шеттетпей, керісінше, олардың басқару процесіне қатысуын жеңілдетуі тиіс, – деді «Шаңырақ-2» мүлік иелері бірлестігінің төрағасы Уәлихан Сарсенов.

Форум аясында тұрғын үй қатынастары саласында белсенділік танытып жүрген бірқатар МИБ және ПИК өкілдерін Мәжіліс депутаты Құдайберген Бексұлтанов марапаттады. Сонымен қатар, салтанатты жағдайда партия қатарына жаңа мүшелер қабылданды.

Форум қорытындысында өзара іс-қимыл жөніндегі меморандумға қол қойылып, ұсыныстар мен хаттамалық тапсырмалар жүктелді. Қатысушылар бұл ұсыныстардың алдағы уақытта республикалық деңгейде қарастырылатынына сенім білдірді.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Өңірде оң өзгерістер мол

Қарағанды облысының коммуникациялар қызметі алаңында Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын облыстағы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен брифинг өткізіп, онда ауданның 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларын баян етті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің Бұқар жырау ауданы – облысымыздың тарихи қалыптасқан ең іргелі, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары өңірлерінің бірі. Мұнда ауыл шаруашылығымен қатар өнеркәсіп өндірісі де дамып, өркендеуде, – деп бастаған Ерлан Бейсембайұлы әуелі ауданның экономикалық көрсеткіштеріне тоқталды.

Айтқандай-ақ, 2025 жылы бұл аймақтағы экономикалық өсім 54,5 пайызды құрап, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 192,4 миллиард теңгеге жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда екі есеге артқан.

Аудан аумағында 45 өнеркәсіп кәсіпорны, соның ішінде 3 көмір разрезі, «Қазақмыс корпорациясының» «Нұрқазған» және «Қажықонған» кеніштері жұмыс істейді. Өткен жылы ауданның облыс көмір өндірісіндегі көлемі 14,4 пайыз болып, ол кәсіпорындарда 3 мыңнан аса адам еңбек етеді.

Қазіргі таңда ауданда 3 675 шағын және орта бизнес субъектінде 7,6 мың адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Ауыл шаруашылығы – аудан экономикасының басым бағыттарының бірі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауданда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 92,1 миллиард теңге, оның ішінде мал шаруашылығында 56 миллиард теңге болды.

2025 жылы 36,7 мың тонна сүт өңделіп, облыс суранысының 17 пайызын қамтамасыз етті. Ал, өндірілген 22,7 мың тонна ет

облыс қажеттілігінің 22 пайызын құрады.

Бұқар жырау ауданында 7 бірдей құс фабрикасы жұмыс істеп, олар бір жылда 363 миллион тауық жұмыртқасын өндіріп, облыс қажетінің 58 пайызын өтеді.

Өсімдік шаруашылығының жалпы өнім көлемі 36,1 миллиард теңгеге жетіп, егістік алқаптар 129,8 мың гектарға айналды. Енді 2026 жылы суармалы алқаптарды қалпына келтіру жоспарланып, оларды 11,2 мыңнан 12,6 мың гектарға дейін ұлғайту көзделуде.

Сонымен қатар, мал бордақылау алаңдарын көбейтіп, мал сою және ветеринарлық пункттерді ашу да ойда.

Агроөнеркәсіп кешенінде жалпы құны 4,7 миллиард теңге болатын 6 жоба іске асырылып, 80-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылды.

Бұқар жырау ауданы бойынша өткен жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 82,1 миллиард теңгеге жетті.

Ауданда жер ресурстарын тиімді пайдалану және игерілмеген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп, өткен жылы қайтарылған жер 21 мың гектарға тен.

Жайылымдық жерлердің жетіспеушілігін жою мақсатында «Жайлау» бағдарламасы табысты жүзеге асырылып, 2025 жылы мемлекетке қайтарылған 12 мың гектардан астам жер конкурсы арқылы айналымға енгізілген. Ал соңғы екі жылда 14 ауылдың жайылым инфрақұрылымы жақсартылып, бұл мақсатқа 176,9 миллион теңге бөлінген. Осы «Жайлау» бағдарламасы аясында Петровка және Үміткер ауылдық округтерінде



6 қоныс жайылымы құрылып, 5,5 мың гектардан астам жайылым жер бөлініп, оған 21,5 миллион теңге қаржы бағытталған.

Бұқар жырау ауданында туризмді дамыту мәселесі де көптен қозғалып жүр. Оны жүзеге асыру үшін мұнда 13 туристік нысан, яғни екі-екіден қонақ үй мен кемпингтер, 3 санаторий, 4 мәдени-демалыс орталығы мен 2 балалар лагері бар.

Облыс көлеміндегі құрылыс жұмыстарының жалпы көлеміндегі осы ауданның

үлесі 7,6 пайыз екенін айту керек.

«Отбасы банкке» берілген тұрғын үй алу кезегінде 1 408 адам тұрса, соның 466-сы жеңілдік санатындағы азаматтар екен.

2025 жылдан бері аудан бойынша 146 пәтер беріліп, қаржыландыру көлемі 1 миллиард теңгеден асқан. Әлеуметтік осал топтағы адамдар үшін алғашқы нарықтан 48 пәтер, ал екінші нарықтан 4 пәтер сатып алынған.

Ауыл өмірінің құрметамыры – жол ин-

фрақұрылымы. Бұл бағытта өткен жылы республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың 421,3 шақырымына орташа жөндеу жасалған.

Соған қоса «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 8 елдімекенде 41,1 шақырым жол жөндеуден өткен. Соның нәтижесінде аудан жолдарының 89 пайызы қанағаттанарлық күйде.

Аудан бойынша тұрақты жұмысқа 1,5 мыңдай адам орналасып, жұмыспен қамтудың белсенді шарасымен 2,5 мыңдай адам қамтылған көрінеді.

2025 жылы жаңа бизнес-идеяларын іске асыруы үшін 8 адамға 12,5 миллион теңгенің мемлекеттік гранттары берілген.

Білім беру саласында «Келешек мектептері» жобасы аясында Доскей, Үштөбе ауылдары мен Нұра станциясында 3 мектеп салынған. Атамекен ауылындағы апатты мектептің орнына 150 оқушыға арналған жаңа мектеп пайдалануға берілді.

Өткен жылы облысымызда ең көп медициналық мекеме – 20 нысан Бұқар жырау ауданында салынды. Олардың кадрлық әлеуетін нығайту мақсатында жұмысқа қабылданған 24 жас маманның 10-ы дәрігер де, 14-і орта буын медицина қызметкері.

Қазіргі таңда аудан аумағында 138 спорт нысаны жұмыс істейді. Өткен жылы Қушоқы кентінде Денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды.

Жалпы аудан бойынша бұқаралық спортпен тұрғындардың 41,5 пайызы шұғылданып, саламатты өмір салтын қабылдап тұрып келеді.

Бұқар жырау ауданы

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Құрылтайдағы құнды бастама

Құрылтай – Қазақстан тарихындағы аса маңызды әрі терең мағынасы бар саяси-әлеуметтік институт. Тарихқа көз жүгіртсек, 1269 жылы қазіргі Жамбыл облысының оңтүстігінде әйгілі Талас Құрылтайы өткен. Бұл жиынға Шыңғыс хан империясының барлық бөліктерінен өкілдер жиналып, алып империяны төрт ұлысқа бөлу туралы тарихи шешім қабылдады. Сол ұлыстардың бірі – Ұлық Ұлыс, яғни Жошы ханның ұлысы болды. Оның негізгі аумағы бүгінгі Қазақстан жері. Батыс деректерінде бұл мемлекет Алтын Орда деген атаумен белгілі.



Сурет akorda.kz сайынан

Мазмұнына үңілсек, Құрылтай – мемлекеттік басқарудың демократиялық сипатын айқындайтын ерекше үлгі. Кейінгі кезеңдерде Құрылтайға барлық аймақ пен өңірлердің өкілі жиналып, ел дамуының ортақ стратегиясын айқындайды. Онда әрбір тараптың пікірі ескеріліп, маңызды шешімдер кеңес арқылы қабылданған. Демек, Құрылтай – халықтық демократияның тарихи негізі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі демократиялық үдерістерді одан әрі дамыту бағытын ұстана отырып, осы көне, бірақ мәнін ешқашан жоғалтпаған демократиялық институтты жаңғыртты. Бүгінгі Ұлттық Құрылтай – еліміздің барлық облысы мен аудандарынан келген өкілдер, елдің қайраткер тұлғалары мен білікті мамандары бас қосатын, халықтың мүддесі мен тілегін ескеретін маңызды диалог алаңына айналды.

V Құрылтайда елдің алдағы индустриялық дамуына басымдық берілді. Атап айтқанда, жылумен қамту, газдандыру, Павлодар облысындағы электр энергиясы станциясын дамыту, атом электр станциялары салынғанға

дейінгі кезеңде энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері көтерілді. Сонымен қатар, шағын және орта бизнес, ірі кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы саласын дамыту, халықты сапалы әрі жеткілікті азықтүлікпен қамтамасыз ету міндеттері кеңінен талқыланды.

Көлік инфрақұрылымын дамыту, автожолдар мен теміржол желісін кеңейту мәселесі де назардан тыс қалмады. Президент еліміздің Еуразия кеңістігіндегі авиациялық жүк тасымалының ірі хабына айналмауы – елеулі стратегиялық олқылық екенін атап өтті. Бұл жағдайды Мемлекет басшысы ашық түрде жол беруге болмайтын, қисыңға сыймайтын кемшілік деп бағалады. Сондай-ақ, гидротехникалық нысандардың тиімділігін арттыру мақсатында басқару жүйесіндегі мәселені шешу қажеттігін баса айтты.

Жалпы алғанда, Президент Құрылтайға жиналған әр өңірдің өкілдерінің пікірін ескере отырып, бүгінгі күннің өзекті экономикалық міндеттерін нақтылап берді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект

жылы» деп жариялады. Мемлекет басшысы: «Біз білім, ғылым және жоғары технология саласына қомақты инвестиция салатын болдық. Себебі адам капиталының сапасын арттыру – айрықша маңызды міндет. Бұл, әсіресе, ел дамуының қазіргідей тарихи, бетбұрысты кезеңінде халқымыздың болашағына тікелей әсерін тигізеді. Ең бастысы – бұл жоспарлар жұртты құр уәдемен жарылқайтын тұсаукесер рәсімдері мен форумдардың көлеңкесінде қалып қоймауы керек. Біз пнар-акциялар мен көз алдайтын жалған ілгерілеуге емес, нақты жетістікке ұмтылуымыз қажет. Цифрландыру және жасанды интеллект жылғын сән қуып, ұрандату үшін жариялаған жоқпыз. Бұл шешім бүкіл мемлекеттік аппаратқа нақты міндет жүктеп отыр. Бұл – стратегиялық міндет», – деді. Президент осы сөзінде еліміз жаңа дәуірге қадам басуда бос ұрандардан аулақ болуды меңзеп отыр. Жаһанның дамыған елдерінен қалмас үшін бұл мәселеге ерекше назар аударған абзал. Нақты шаруаға кірісіп, нәтиже үшін жұмыс істеу керек деп ойлаймын. Өйткені, әлемдік өркениеттің бүгінгі қарқыны кідірі-



стерді кешірмейді.

Егер басқару үдерісі әу бастан жүйелі түрде қалыптастырылмаса, артық бюрократиялық кедергілер мен бірін-бірі қайталайтын функциялар жойылмаса, жасанды интеллект те барлық мәселені шешетін әмбебап құрал бола алмайды. Сондықтан, мемлекеттік секторда ұйымдастырушылық мәдениетті жақсарту, озық басқару тәжірибелері мен құзыреттерді енгізу – кезек күттірмейтін міндет. Жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мемлекеттік басқарудың барлық саласында сапаны арттыру қажет. Өйткені, жүргізіліп жатқан барлық экономикалық реформалардың түпкі мақсаты – әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасын жақсарту. Алдағы күндері бұл маңызды құжатты жан-жақты талдап, зерделеуіміз қажет. Баршамызға ортақ игілік жолындағы бастамалар сәтті жүзеге ассын деп тілейміз!

Президент «Бұрын да айтқам, қазір де атап өткім келеді: біз «тарихи жарақат алған» ұлт психологиясынан біржола арылуымыз керек. Басқа түскен қайғы-қасіреттің бәрін басқа халықтардан көру, ұлтымыздың маңдайына жазылған ащы тағдыр туралы бітпейтін пікірталастар жүргізу – кешегі күнмен өмір сүру деген сөз. Бүкіл әлем өзгеріп жатыр, бізге де өзгертін уақыт келді. Біз – болашағы жарқын, жолы ашық жас мемлекетпіз, сондықтан уақыт көшінен қалмай, тек алға қарай жүруіміз керек», – деді.

Мемлекеттің дамуы халқының жаңғыруға деген талпынысына, қабілетіне тікелей байланысты. Әсіресе Қазақстанның болашағы жастардың өткенге қайырылып, «тарихи жарақаттың» бетін тырнай беруді доғаруы керек. Ғылым-білім, өнер, кәсіп, тіл үйреніп, жарқын болашақтың іргетасын қалағандары абзал. Президенттің бұл сөзі қазақстандық жастар үшін аса маңызды деген пікір-сөздің. Кемел жұрт өткеннен тек сабақ алады. Өткеннен сабақ алмаған халық бұрынғы қателіктерге ұрынуы ықтимал. Ал, келешекті байыпты бағамдаған ел тіл үйреніп, ғылым-білімді ізденеді. Білімін арттырған адамның ғана таным көкжиегі кеңейе бермек.

Жібек КАМАЛИ,
«Respublica» партиясы
Қарағанды облыстық филиалы
Әйелдер қанатының төрағасы

Басымдықтар айқындалды

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құрылтай отырысында сөйлеген сөзі мемлекет дамуының қазіргі кезеңіндегі негізгі басымдықтарды айқын көрсететін, терең мазмұнды әрі жан-жақты ойластырылған стратегиялық баяндама. Мемлекет басшысы өз сөзінде қоғамның ішкі тұтастығын нығайту, ұлттық құндылықтарды жаңғырту, әділетті мемлекет қағидаттарын орнықтыру және ұзақ мерзімді даму мақсаттарына қол жеткізу мәселелеріне айрықша назар аударды.

Президенттің басты ойларының бірі – ұлттық бірлік пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық келісімнің тек декларативті ұғым емес, нақты іс-әрекетке негізделген өмірлік

ұстаным болуы керектігін атап өтті. Бұл ретте заң үстемдігі, азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің теңгерімі, әділеттілік пен ашықтық қағидаттары мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтудың басты тетігі

ретінде айқындалды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы білім мен ғылымды ұлттық дамудың тірек дінгегі ретінде қарастырып, адами капиталдың сапасын арттыру елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін айқындайтынын нақты айтты. Президенттің бұл тұжырымы қазіргі заман талаптарына толық әйкес келеді. Себебі инновациялық экономика, технологиялық серпіліс пен өндірістік жаңғыру тек білікті мамандар мен ғылымға негізделген саясат арқылы ғана жүзеге асады.

Президент сөзінің маңызды қыры – жастар мәселесіне

арналған нақты көзқарасы. Қасым-Жомарт Тоқаев жастарды мемлекеттің стратегиялық ресурсы ретінде бағалап, олардың сапалы білім алуына, азаматтық жауапкершілігінің қалыптасуына және ел болашағына белсенді қатысуына жағдай жасау қажеттігін атап өтті. Бұл – формалды үндеу емес, керісінше, ұзақ мерзімді мемлекеттік саясаттың өзегі.

Абай ҚАЛЫКОВ,
Ә.Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университетінің проректоры,
облыстық мәслихат депутаты

Ел дамуының екінші тынысы

Біз, Қазақстан Халық партиясы Қарағанды облыстық филиалының өкілдері Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың V Ұлттық Құрылтайдағы сөзін мұқият тыңдап, ел дамуының тың бағыттарымен таныстық.

Біз үшін ең маңыздысы – назардың институционалдық реформаларға, әлеуметтік-экономикалық дамуға және мәдени құндылықтарды сақтауға аударылуы. Біз Президенттің заңнаманы жаңарту, Парламент рөлін күшейту, салық жүйесін модернизациялау, сондай-ақ, стратегиялық маңызды салаларды дамыту бағытындағы бастамаларын

қолдаймыз. Солардың ішінде Қарағанды облысы үшін ерекше рөл атқаратын көмір өнеркәсібі бар. Қарағанды облысы – елдің өнеркәсіптік жүрегі. Мұнда мыңдаған адамдар еңбек етеді, олардың жұмысы өңір мен елдің экономикалық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Біз үшін маңыздысы – ұлттық деңгейде қабылданған шешімдер

өңір тұрғындарының мүддесін ескеріп, кәсіпорындардың дамуын қолдап, жаңа еңбек мүмкіндіктерін қалыптастырып, қалалар мен елдімекендердің өмір сүру сапасын жақсартуы.

Сонымен қатар, біз Президенттің әлеуметтік сала, денсаулық сақтау және тарихи естелік мәселелеріне көңіл бөлуін жоғары бағалаймыз. Бұл бағыттар тікелей адамдардың өміріне және ұлттық сананың қалыптасуына әсер етеді.

Біз Президенттің елді әділ, жүйелі және жауапкершілікпен

дамытуға бағытталған саясатын қуаттаймыз. Қазақстан Халық партиясы Қарағанды облыстық филиалының өкілдері ретінде біз бұл шешімдердің өңірімізде нақты іске асуына, тұрғындарға нақты пайда әкелуіне және экономика, әлеуметтік сала мен мәдениеттің тұрақты дамуын қолдауға белсенді түрде жұмыс жасаймыз.

Халел МАҚСҰТОВ,
Қазақстан Халық партиясы
Қарағанды облыстық
филиалының төрағасы

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Мәдениет – мәңгілікке бастар жол

2025 жылы Қарағанды облысының мәдени өмірі ерекше қарқынмен дамып, тұрақты өсімді, инфрақұрылымның кенейіп және халық тарапынан жоғары қызығушылықты көрсетті.



Бұқар жырау ауданында Үштөбе, Доскей және Көкпекті ауылдарында 200 орындық жаңа ауылдық клубтар ашылды. Нұрадағы Мәдениет үйінің құрылысы жалғасты, сонымен қатар Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік қызметкерлеріне арналған жатақхана мен Қарағанды қаласының Мемлекеттік архиві ғимаратын қайта жаңғырту жұмыстары қатар жүргізілді.

Жалпы алғанда, жөндеу жұмыстары 33 мәдениет нысанын қамтыды, оның 4-еуі күрделі жөндеуден өтті. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға 130,6 млн теңге бөлінді. Бұл қаражат кітапхана қорларын жаңартуға, театрларға заманауи бейнеқұрал-жабдықтар алуға, сондай-ақ, мәдени мекемелерге арналған шағын автобус сатып алуға жұмсалды.

Жыл ішінде облыста 32 мыңнан астам мәдени іс-шара өткізіліп, оларға шамамен 4 миллион адам қатысты. 2 мыңнан астам киносеанс ұйымдастырылып, жалпы көрермен саны 100 мыңға жуықтады.

Мәдени туризмді дамыту мақсатында жаңа туристік нысандар мен қасиетті маршруттар құрылды, көлік қолжетімділігі жақсартылды, фестивальдер өткізілді. Соның бірі – Балқаш қаласында өткен Balkhash Tour Fest фестивалі өңірге деген туристік қызығушылықтың артуына ықпал етті.

2025 жыл жарқын әрі тұрақты мәдени бастамаларға толы болды. Соның ішінде 14-16 сәуір аралығында өткен Тәттімбет Қазанғауұлының 210 жылдығына арналған IX республикалық байқау ерекше орын алады. Байқауға Қарағанды, Астана, Алматы, Шымкент, Талдықорған, Қостанай, Семей, Қызылорда, Ақтөбе, Маңғыстау өңірлерінен 69 орындаушы қатысты.

12-15 маусым аралығында «Құрландия» VII Ашық қуыршақ театрлары фестивалі өтті. Фестивальге Қазақстан, Ресей және Өзбекстаннан 6 қуыршақ театры қатысты. Бұл – әлемдік қуыршақ өнерінің үздік жетістіктерін насихаттауға және өңірдің заманауи театрық ортасын қалыптастыруға бағытталған маңызды мәдени жоба.

19-21 қыркүйек аралығында жыл сайынғы XIV Ашық оперетта және мюзикл фестивалі «DosStar» өтті. Фестиваль қонақтары қатарында Тәжікстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Ресей және Венгрия театрлары болды.

Өңірдің тағы бір мәдени бренді – 17-26 қазан аралығында өткен XXVI Халықаралық «Әуенді Сарыарқа» фестивалі. 1998 жылы Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен негізі қаланған фестиваль жылдар өте Қазақстан, ТМД елдері, Еуропа, Азия және АҚШ орындаушыларын біріктіретін беделді алаңға айналды. Фестиваль академиялық, халықтық және джаз өнерінің дамуына, сондай-ақ, халықаралық мәдени байланыстарды нығайтуға үлес қосып келеді.

4-6 қараша аралығында әнші, композитор әрі ақын Мәди Бапиұлының 145 жылдығына арналған дәстүрлі орындаушылардың VI Респу-

бликалық байқауы өтті. Оның мәңгілік әндері халық жадында сақталып, қазақтың дәстүрлі өнерін биік деңгейге көтерді. Мәди шығармашылығы – еркіндікті жырлаған, әділетсіздікке қарсы тұрған рухани мұра.

25-26 қарашада Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» атты облыстық байқау өтті. Байқаудың басты мақсаты – жастарға ұлттық құндылықтарды сіңіру, рухани дүниесін байыту, шығармашылық әлеуетін ашу және Абай мұрасы арқылы әділдікке, адалдыққа, даналыққа тәрбиелеу. Байқауға Қарағанды облысының барлық өңірлерінен шамамен 2000 оқушы мен студент қатысты, 1880 мұғалім дайындық жұмыстарына белсене араласты. Іріктеу кезеңінде 57 үздік қатысушы тандалып, финалда олардың ішінен 15 жеңімпаз анықталды.

Өңірде дәстүрлі өнер – айттыс та дамып келеді. 17 мамыр күні Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде қазақ-қырғыз ақындарының халықаралық айтысы өтті. Біздің жерлесіміз Дидар Қамин бас жүлдені жеңіп алып, Қарағанды облысы мен Қазақстанды әлемдік деңгейде лайықты танытты. Сонымен қатар 10 шілдеде Ақтауда «Командалық айтыс» жобасы аяқталып, финалда шыққан Қарағанды және Түркістан облыстарының командалары «Маңғыстау – түркі мәдениетінің төрі» республикалық айтысын тең есеппен тәмамдады.

6 сәуірде ақын Серік Ақсұңқарұлының 75 жылдығына арналған «Руңтың шалқуы» атты поэзиялық кеш өтті. «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы – заманауи поэзия әлеміндегі өзіндік стилі бар, терең ойлы көрнекті тұлға. 10 қазанда Кеншілер мәдениет сарайында аңызға айналған әнші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық әртісі, «Парасат» орденінің иегері, профессор, Еңбек Ері Қайрат Байбосыновтың 75 жылдығына арналған «Айбозым» атты салтанатты кеш өтті.

2025 жылы облыстық музейлерде сақтауда тұрған музейлік бұйымдардың жалпы саны 310 838 бірлікті құрады. Оның ішінде негізгі қор – 234 040 бірлік, ғылыми-көмекші қор – 76 798 бірлік. Есептік кезеңде қорлар 2 767 бірлікке толықты, соның ішінде негізгі қорға – 1 655, ғылыми-көмекші қорға – 1 112 бірлік қабылданды. Бұл көрсеткіштер өңірдің тарихи-мәдени мұрасын сақтау, зерттеу және байыту бағытында жүйелі әрі мақсатты жұмыс жүргізіліп жатқанын айқын көрсетеді.

Осылайша, 2025 жыл Қарағанды облысы үшін мәдени серпіліс кезеңі болды. Мәдениет мекемелері жаңартылып, жаңа ауылдық клубтар мен мәдениет үйлері ашылды, миллиондаған тұрғын түрлі мәдени шараларға қол жеткізді. Фестивальдер, байқаулар мен шығармашылық жобалар өңірдің мәдени кеңістігін жандандырып, материалдық емес мұраны сақтау мен мәдени туризмді дамыту Қарағанды облысының елдегі маңызды мәдени орталық ретінде және халықаралық мәдени диалогтың лайықты қатысушысы ретінде танылуына мүмкіндік берді.

Ғалымжан ӨТЕЛБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысының
мәдениет және құжаттама,
архивтер басқармасының
басшысы

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Әлеуметтік қолдау жалғасын табады

Былтыр өңірде әлеуметтік саясаттың басты өзегі – халықты жұмыспен қамту, табысын арттыру және әлеуметтік осал топтарды қолдау болды десек, артық айтпағанымыз. Бұл бағытта облыстық және республикалық бюджеттерден әлеуметтік салаға 24 млрд 403,1 млн теңге бағытталып, кешенді шаралар іске асырылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі еңбек нарығындағы тұрақтылықтан, әлеуметтік тұйықтардың тарқатылуынан және азаматтардың мемлекетке деген сенімінің артуынан айқын көрінді.

Халықты жұмыспен қамту мақсатында бекітілген өңірлік карта аясында 54 733 адам түрлі бағыттағы әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылып, олардың 51 039-ы нақты жұмысқа орналасты. Жеке бастамалар арқылы 17 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылса, ұлттық жобалар мен салалық бағдарламалар аясында ауыл шаруашылығы, жол, құрылыс, өнеркәсіп, білім беру, цифрландыру секілді бағыттарда 2 124 жұмыс орны ашылды. Әлеуметтік осал топтарға кәсіп бастауға мүмкіндік беру мақсатында 225 адамға қайтарымсыз грант берілді.

Кәсіби дағдыны арттыру мен қайта даярлау да назардан тыс қалған жоқ. «Бастау Бизнес» жобасы арқылы 1 740 адам кәсіпкерлік негіздерін меңгерсе, 602 адам қысқа мерзімді курстарда еңбек нарығында сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарын игерді. Skills Enbek платформасы арқылы 3 094 адам онлайн білім алды. Ал «JumysTar» жобасы аясында колледждер базасында 150 адам тігінші, дөңкерлеуші, сантехник, электрік секілді жұмысшы мамандықтарына оқытылды.

Мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту да жүйелі түрде жүргізілді. Жұмыс берушілерді ынталандыру арқылы жалақысы субсидияланатын 15 арнайы жұмыс орны құрылды. Өңіраралық еңбек ұтқырлығы бағдарламасы аясында облысқа 47 адам қоныс аударып, тұрақты түрде жұмысқа орналасты.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары еңбек нарығындағы белсенділікті арттыруға ықпал етті. Жыл бойы 145 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп,



оған 1 560 жұмыс беруші қатысып, 24 562 бос жұмыс орнын ұсынды. Нәтижесінде 513 адам жұмысқа орналасты, оның ішінде мүгедектігі бар азаматтар да бар. Сонымен қатар, ауылдық елдімекендерге 375 рет мобильді топтар шығып, жұмыспен қамту тетіктерін түсіндірді. Бұл іс-шаралар облыста жұмыссыздық деңгейін 4,0% деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік берді. Айта кетейік, бұл республикалық көрсеткіштен төмен.

Әлеуметтік қолдау бағытында да оң өзгерістер байқалады. Соңғы жылдары атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны тұрақты түрде азайып келеді. 2025 жылы АӘК 992 отбасыға тағайындалып, 4 640 адамды қамтыды. Төлемдердің жалпы көлемі 535,7 млн теңгегі құрап, өткен жылмен салыстырғанда 30 пайызға қысқарды. Бұл – азаматтардың жұмыспен қамтылып, табысының арта бастағанының айғағы. Сонымен бірге бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға арналған қосымша төлемдер сақталды.

Коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығындарды өтеу үшін 1 329 отбасыға тұрғын үй көмегі

көрсетілді. Қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарды қолдау мақсатында облыста 11 Отбасын қолдау орталығы жұмыс істеп, жыл қорытындысы бойынша 6 316 адамға 6 920 қызмет көрсетті. Бұл орталықтарда құқықтық, психологиялық, әлеуметтік және білім беру бағытындағы көмектер ұсынылады.

Қаржылық тұрақтылықты арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 56 мыңнан астам адам қаржылық сауаттылық курстарынан өтті. 38 мыңнан аса азамат тегін заңгерлік көмек алып, қарызды қайта құрылымдау, банкроттық рәсімдеу, шоттарға салынған тыйымдарды алу секілді мәселелер бойынша нақты қолдауға ие болды. Облыс әкімінің бастамасымен іске асырылған «Қайта бастау» жобасы да нәтижелі болды: жобаға тартылған 1 450 адамның 822-сі жұмыспен қамтылды, оның басым бөлігі тұрақты жұмыс орындарына орналасты.

Ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды қолдау әлеуметтік саясаттың басым бағыты болып қала береді. Облыста тұратын 54 880 мүгедектігі бар адамның 98 пайызы оңалту құралдары мен қызметтеріне қол жеткізді. Әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының 211 нысаны бейімделіп, инвентаризацияланған қызметі арқылы 2 432 адамға, оның ішінде 754 балаға, тегін көлік қызметі көрсетілді. Сонымен қатар, 300 кресло-арба жөнделді.

Ардагерлерге де жан-жақты қолдау көрсетіледі. Облыста тұратын ІІ дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне біржолғы материалдық төлемдер беріліп, 259 ардагер санаторий-курорттық емделуге жолдама алды. Енді әрбір ардагер өз таңдауы бойынша шипажай таңдай алады.

Жалпы, өткен жылғы қорытындылар өңірде жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғау саласындағы саясаттың нәтижелі екенін көрсетті. Алдағы уақытта да халықтың тұрмыс сапасын арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған жұмыстар жалғасын табады.

Төлеу МҰХТАР,
Қарағанды облысының
жұмыспен қамтуды үйлестіру және
әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының басшысы



Қызмет онлайн форматта

Елімізде жылжымайтын мүлікке құқықтарды және оған салынған ауыртпалықтарды тіркеу қызметін онлайн форматта алу мүмкіндігі іске қосылды. Жаңа пилоттық жоба «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мен «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ-ның бірлесуімен жүзеге асырылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа электрондық қызмет арқылы азаматтар сатып алу құқығы бар жалдамалы тұрғын үйге қашықтан өтініш беріп, электрондық келісім-шартты онлайн түрде рәсімдей алады. Келісім жасалғаннан кейін барлық қажетті мәліметтер мен құжаттар жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне автоматты түрде жолданады.

Аталған бастама мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімін айтарлықтай қысқартуға, рәсімдердің ашықтығын арттыруға және азаматтардың уақыттық әрі қаржылық шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құжаттарды жинау мен түрлі мекемелерге бару қажеттілігі жойылады.

Жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу үдерісін цифрландыру – тұрғын үй саласындағы қызметтерді жеңілдетуге бағытталған қадам. Алдағы уақытта бұл қызмет түрін кеңейту және басқа да операцияларды онлайн форматқа көшіру жоспарланады.

Жоба аясында ақпараттық жүйелердің өзара ықпалдасуы күшейтіліп, адам факторының ықпалы барынша азайтылды. Бұл өз кезегінде құқықтарды тіркеу кезінде жіберілетін техникалық қателіктердің алдын алып, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Цифрлық форматқа көшу азаматтар үшін ғана емес, мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттыруға да оң әсер етеді.

Аймақ спортының айтулы жетістіктері

Бұқаралық спортты дамыту және қажетті инфрақұрылымды жетілдіру – облысымызда басым бағыттардың бірі. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп, нақты нәтижесін беріп отыр. Сол жұмыстарды төрт негізгі индикаторға бөліп, бағалауға болады. Соның ішінде негізгі көрсеткіштердің бірі – халықты сапалы спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. Бүгінде бұл көрсеткіш 1000 адамға шаққанда 69,1 пайызды құрады. 2026 жылға арналған жоспарлы меже – 70 пайыз. Ал, былтырғы жылдың қорытындысы бойынша өңірде спорт нысандарының саны 85 бірлікке артып, жалпы саны 1 381-ге жетті. Оның 330-ы ауылдық елдімекендерде орналасқан.

Спорт саласы толық жаңарады

Облыстың спорттық инфрақұрылымын дамыту үшін жалпы сомасы 6 миллиард теңгеден астам жоба іске асырылды. Атап айтсақ, Бұқар жырау ауданының Ғ.Мұстафин атындағы кентінде 320 орындық, Ақтоғай ауданының Сарышаған ауылында 150 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Қарағандыдағы «Аманат» спорттық-сауықтыру кешені, Балқашта тез салынатын спорт кешені және Шет ауданының Мойынты кентіндегі футбол манежі пайдалануға берілді. Жасанды жабыны бар 85 алаң мен бес көпфункционалды хоккей корты да орнатылды. Ал, 614,1 млн теңгеге 32 спорт нысаны жөнделді. Одан бөлек, Приозерск қаласындағы 210 орындық, Ақтас кентіндегі және Қарқаралы ауданының Көктас ауылындағы 150 орындық ДШСК құрылысы аяқталуға жақын. Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентіндегі, Бұқар жырау ауданының Қушоқы ауылындағы, Қарағанды қаласы Күнгей шағын ауданындағы ДШСК, Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосындағы жүзу бассейнінің, Саран қаласындағы спорт кешені, Қарқаралы қаласындағы стадионның және Қарағанды қаласындағы «Өжет» спорт кешені аумағындағы қосымша спорт залдарының құрылысы жалғасуда. Облыс орталығындағы «Шахтер» орталық стадионы мен Ақтоғай кентіндегі стадион қайта жаңартылуда.

2025 жылы басталған «Спорт клас-тері» жобасы бұқаралық және жоғары жетістіктер спортын дамыту үшін орталық алаң болады. Қарағандыда «Freedom Шапағат» корпоративтік қорының қаражаты есебінен «Шахтер» футбол академиясының құрылысы басталды. Сондай-ақ, осы жоба шеңберінде, әмбебап спорт және мұз аренасын, жеңіл атлетика манежін, олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжін, сыйымдылығы кемінде 12 мың орын болатын UEFA-4 санатындағы стадион және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарлануда. Осы ауқымды идеяны жүзеге асыруға үлкен үміт артамыз. Қарағанды облысында жаңа чемпиондарды ғана емес, белсенді әрі салауатты өмір салтын таңдаған балалардың, ересектердің, ерекше тұрғындардың санын арттыратын спорт саласын толық қайта жаңғырту қажет.

Қоржынға 15 540 медаль түсті

Екінші маңызды индикатор – облыс тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдану деңгейі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 42,4 пайызды құрап, спортпен айналысатын азаматтар саны 460 459 адамға жетті. 2026 жылға арналған жоспарлы меже – 42,5 пайыз. Осыған орай, алдағы кезеңде халықты спортқа кеңінен тарту, әсіресе балалар мен жастардың, ауыл тұрғындарының спорттық белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Айта кету керек, 2025 жылы облыста бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жұмыстар аясында 221 869 адамды қамтыған 3 652 спорттық-бұқаралық іс-шара ұйымдастырылды. Бұл шаралар тұрғындардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға оң ықпал етті. Сонымен қатар, облыстың 36 376 спортшысы түрлі деңгейдегі 986 жарысқа қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша өңір спортшылары 15 540 медаль жеңіп алды. Оның 4 899-ы – алтын. Облыс спортшыларының жетістігі ұлттық деңгейде де лайықты бағаланды. Бүгінде Ұлттық құрама сапында Қарағанды өңірінен 1 074 спортшы бар. Бұдан бөлек, облыс аумағында халықаралық және республикалық деңгейдегі 100 ірі жарыс өткізілді.

Біз өңірден шыққан спортшылардың жарқын жеңісімен мақтанамыз. Екі дүркін әлем чемпионы атанған боксшы Аида Әбікееваның жоғары деңгейдегі өнері, бокстан әлем чемпионатының жеңімпазы Абылайхан Жүсіпов пен күміс жүлдегер Сабыржан Аққалықовтың табысты өнер көрсетуі – облыс спортының әлеуетін айқын дәлелдейді. Сондай-ақ, Қытайдың Харбин қаласында өткен Азия ойындарында чемпион атанған теміртаулық биатлоншы Владислав Киреевтің жеңісі – баршамыз үшін үлкен мақтаныш. Жерлесіміз 2026 жылы Италияның Милан қаласында өтетін Қысқы Олимпиада ойындарында ел намысын қорғайтын болады.

Бұдан бөлек, облыс спортшылары жүзуден өткен Азия чемпионатында 28 медаль жеңіп алып, Әлем кубогы кезеңдерінде де жоғары деңгейде өнер көрсетті. Құрлықтық деңгейдегі жарыстарда да облыс спортшылары жоғары нәтижеге қол жеткізді. Атап айтқанда, теміртаулық



есекшілердің еңбегін ерекше атап өтпеске болмас. Батут гимнастикасынан әлем кубогы кезеңдерінің қорытындысы бойынша Данил Мұсабаев пен Никита Тумаковтың дуэти әлемдік рейтингте І орынға көтерілді. Сондай-ақ, Алан Құрманғалиев үстел теннисінен халықаралық жарыстардағы жеңістерімен жанкүйерлерді қуантты.

Жастар арасындағы Азия ойындарында облыс спортшылары медальдардың рекордтық көрсеткішіне қол жеткізді. Бұдан бөлек, біз Қазақстанның VI Жастар спорт ойындарында барлық жылдардағы ең үздік көрсеткішті тіркедік. Аталған жарыстың қорытындысы бойынша Қарағанды облысының құрамасы 159 медаль (56 алтын, 42 күміс, 61 қола) иеленіп, барлық өңір мен қала арасында IV орынға тұрақтады. Командалық есепте біздің спортшыларымыз дзюдо, батут гимнастикасы, үстел теннисі және жеңіл атлетикадан да үздік нәтиже көрсетті.

Ауыл спортына келер болсақ, «Ақ бидай» ойындары елімізде олимпиадалық жүйе бойынша, төрт жылда бір рет өткізіледі. Осы жарыста облыс құрамасы жоғарғы нәтижеге қол жеткізді. 2021 жылы 14 командалық ішінде XIII орынға тұрақтасақ, 2025 жылы 17 командалық арасынан IV орын иеленді. Мұндай серпіліс ауылдық жерлердегі спортты дамытуға бағытталған жұмыстардың дұрыс жолға қойылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қарқаралы ауданының спорт бөлімі республикадағы «Ең үздік спорт бөлімі» деп танылды.

Жетістіктеріміз аз емес

Үшінші индикатор – дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға мүмкіндігі бар мүмкіндігі шектеулі жандар арасынан спортпен жүйелі түрде айналысатын ерекше қажеттілігі бар тұрғындардың үлесі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 20 пайызды

құрап, 6 052 адамды қамтыды.

Өңірде дәл осындай 119 ерекше спортшы Ұлттық құрама сапында. Облыстық мүгедектер спорт мектебінде 468 адам спорттың 18 түрімен айналысады. Оның 200-ден астамы – тірек-қимыл аппараты зақымданған, есту және көру қабілеті нашар балалар. Одан бөлек, аутист, психикалық дамуы тежелген және балалар церебралды сал ауруы диагнозы қойылған 200-ден астам бала облыстың бес қаласында жүзумен жүйелі айналысады. Тағы 40 бала жеңіл атлетикамен шұғылданып жүр.

Балқаш қаласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзумен 91 адам айналысады. Олардың ішінде 27 бала және 18 жастан асқан 64 азамат бар. Бұл қатысушылардың барлығы есту, көру және тірек-қимыл аппараты зақымданған жандар санатына жатады. Сонымен қатар, Абай қаласында жүзу және бочча сабақтарына 20 бала тартылды. Жыл қорытындысы бойынша 32 ерекше спортшы 13 халықаралық жарысқа, ал, 217 спортшы 21 республикалық стартаққа қатысып, өңір намысын абыроймен қорғады.

Қазақстанның VII спартакиадасында мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында спорттың 14 түрі бойынша облыс өкілдері жоғары нәтиже көрсетіп, 83 медаль жеңіп алды. Оның ішінде 51-і – алтын, 20-сы – күміс және 12-сі – қола медаль. Сонымен қатар, Руфат Хабибуллин жеңіл атлетикадан әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

Қарағанды облысының спортшылары Токиода өткен XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарында да жоғары нәтиже көрсетіп, бес медаль жеңіп алды. Теміртаулық дзюдошы Еркебұлан Қанафин жеке және командалық есепте екі алтын медаль иеленді. Сонымен қатар, есту қабілеті шектеулі спортшылар арасында таэквондошы Аян Әбдіраш, Айжамол Абдикатава және Аида Макатова қола медаль жеңіп алды.

Ойындардың қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы жалпы командалық есепте 81 ел арасында IX орынға тұрақтап, 8 алтын, 4 күміс және 13 қола медаль жеңіп алды.

Төртінші индикатор – дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын балалар мен жасөспірімдерді (3-18 жас) қамту. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш облыста 30 пайызды құрап отыр. Ал, 2026 жылға арналған жоспар – 31 пайыз. Бүгінгі күні өңірде 39 спорт мектебі жұмыс істеп тұр. Онда 28 485 бала спортпен айналысады. Оның ішінде 5 984 бала ауылдық жерлерден, 1 800 көпбалалы отбасынан шықса, 207-сі ата-анасынан айырылғандар санатынан. Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептерде 64 826 бала 4 350 спорт секциясына қатысады. Колледждегі 8 060 студент 205 секцияда, балалар мен жасөспірімдер дене шынықтыру клубтарында 1 813 адам 12

клубта, ал, жоғары оқу орындарында 14 237 оқушы 109 секцияда спортпен айналысады.

Өңірде 38 378 адам ұлттық спорт түрлерімен айналысады. 2025 жылы Пардубице қаласында (Чехия) тоғызқұмалақтан жастар арасында өткен Әлем чемпионатында Әділхан Төлегенов III орын алып, Әлем кубогында күміс медаль жеңіп алды. Алматыда оқушылар арасында әлем чемпионаты өткен болатын. Сол чемпионатта қарағандылық шахматшы Мирас Аманжол (U-17) классикалық түрінен II орын, Нұрай Мұздыбаева (U-15) блиц түрінен қола жүлдеге қол жеткізді.

Қазақстанның онтүстік астанасында жасөспірімдер арасында VII Азия чемпионатында бақ сынаған қарағандылық Балғын Қожанәсіп 14 жасқа дейінгі спортшылар арасында классикада чемпион атанды. Еркәнат Молдағұлов Түркістанда қазақ күресінен ересектер арасында өткен Азия чемпионатының жеңімпазы атанса, Олжас Исханов Әлем Кубогында III орынды иеленді. Ал, Айша Баймырза 17-21 таяыз аралығында Ақтау қаласында өткен жасөспірімдер арасында дәстүрлі садақ атудан Әлем чемпионатында II орын алды.

Түйін

2025 жылдың қазанында Қарағандыда Қазақстанда алғаш рет П.Ф.Лесгафт атындағы Ұлттық мемлекеттік дене шынықтыру, спорт және денсаулық университетінің (Санкт-Петербург) жетекші мамандарының қатысуымен «Білім беру саласындағы спортты дамытудың базалық негіздері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Оған Қазақстан спортының 300-ден астам өкілі қатысты. Іс-шара дене шынықтыру және спорт саласында инновациялық білім беру, ғылыми және сауықтыру технологияларын кәсіби дамытуға және енгізуге ынталандыруға бағытталды. Нәтижесінде, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің базасында аталған пәндер бойынша микровалификациялардың жаңа білім беру бағдарламалары ашылды. Бұл – отандық кадрларды, атап айтсақ, спорт менеджерлерін, спорт дәрігерлерін және спорт психологтарын толық көлемде даярлауға зор мүмкіндік.

2025 жылы өңірде спортты дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілді. Дегенмен, шешімін таппаған мәселелер де бар. Алдағы уақытта мүмкіндігінше көп адамды спортпен тұрақты түрде айналысуға тарту қажет. Әрі чемпион шығару үшін әлі де көптеген жобаны жүзеге асыру қажет.

Серік СӘПІЕВ,
Қарағанды облысының
дене шынықтыру және
спорт басқармасының басшысы

Цифрлы жүйе сиқырлы әлем емес

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде қала аумағында бет-әлпетті тану мүмкіндігі бар шамамен 100 бейнебақылау камерасы жұмыс істеп тұр. Өткен жылы бұл жүйе іздеуде жүрген 268 азаматты анықтапты. Аталған платформа Бірыңғай қауіпсіздік ақпараттық ресурстары кешенімен және Ішкі істер министрлігінің іздегіру дереккорларымен интеграцияланған.

– Бұл жоба аясында орнатылған камералардың негізгі мақсаты – ең алдымен, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Әрбір камераны орнату нүктесі Полиция департаментімен келісілген. Осыған байланысты олар әдейі биікке орналастырылып, мүмкіндігінше кең аумақты қамтуға бағытталған. Мұндай тәсіл нақты бір тұлғаны емес, жалпы жағдайды бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл камералардың техникалық сапасы бет-әлпетті толық әрі дәл тануға арналмаған. Нақты идентификация адамның бет-әлпетін қол созым қашықтағыдай ғана қашықтықта жүзеге асады. Бұл смартфондардың Face ID арқылы құлыптан ашылу қағидасына ұқсас. Сол себепті көз деңгейінде орнатылған. Бет-әлпетті сапалы әрі сенімді тануға мүмкіндік беретін құрылғылардың саны көп емес. Соған қарамастан, бытыр небәрі 100 құрылғының көмегімен іздеуде жүрген 268 азамат анықталды. Яғни, төрт мың камераның ішіндегі жүзге жуығы ғана нақты нәтиже беріп отыр. Демек, мұндай құрылғылардың санын арттыру қажет, – деді ол.

Сонымен қатар, бет-әлпетті тану жүйесін домофон камераларына енгізу ұсынылуда. Мұндай технология жаңа тұрғын үйлерде ішінара қолданылып келеді. Алайда, ол қарапайым бейнедомофон деңгейінде ғана жұмыс істеп тұр. Яғни, жүйе адамды жеке тұлға ретінде танымайды. Тек оның бейнесін құрылғының ішкі жадында ғана сақтайды. Егер бұл жүйе домофонға енгізілсе, адамның бейнесі автоматты түрде серверге жолданып, тиісті дереккорлармен салыстырылады.

– Осы жүйе арқылы тұрғынның бейнесі серверге жіберіліп, іздеуде жүрген адамдардың бейнесімен салыстыра алатын боламыз. Егер сәйкестік табылса, полицияға хабарлама жіберіледі. Сол арқылы белгілі бір іздеуде жүрген тұлғаның қай мекенжайға келгені анықталады. Осылайша біз камералар санын көбейтіп, бюджетке қосымша жүк түсірмей кешеннің тиімділігін арттырмақпыз. Менің ойымша, көпқабатты үйлерде тұратын тұрғындар үшін бұл маңызды әрі пайдалы жаңалық болар еді. Әрі қала тұрғындарына қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, – деді басқарма басшысы.

Қазіргі таңда осы бағыттағы жұмыстар қарқынды. Жыл басынан бері екі тұрғын үй кешенінің бес подъезінде іске қосылған. Алдағы уақытта әлі де саны артпақ.

Ақылды бағдаршам кептелісті шешпейді

Бүгінде республика көлемінде Қостанайдан кейін екінші болып іске қосылған жобаның бірі – аппараттық-бағдарламалық «Ақылды жаяу жүргінші» кешені. Қазіргі таңда облыс аумағында



мұндай кешендердің саны – 22-ге жеткен. Оның 12-сі – Қарағандыда, 10-ы – Теміртауда орнатылған. Бұл аппараттық-бағдарламалық кешендер орнатылғалы бері жаяу жүргіншілер өткелінде жаяу жүргіншілердің қатысуымен бір-де-бір жол-көлік оқиғасы тіркелмеген. Соның нәтижесінде жүргізушілердің тәртібі де айтарлықтай жақсарыпты.

– Қостанайлықтардың бізден бір қадам алда болған тұсы – «Яндекс» жүйесімен бірігуінде. Біз бұл жобаны олардан кейін іске қостық. Қазіргі уақытта жүйеде 206 бағдаршам нысаны көрсетілген. Аппараттық-бағдарламалық кешен нейрондық желілер арқылы бейнеағынды талдайды. Егер белгілі бір аумақта жаяу жүргіншілер мен көлік қозғалысының векторына кедергі келтіретін жағдай тіркелсе, жүйе бұзушылықты автоматты түрде анықтап, ақпаратты Әкімшілік полиция басқармасына жолдайды. Жалпы алғанда, жүйенің жұмыс істеу қағидасы қарапайым болып көрінуі мүмкін. Бірақ, кез келген жобаның астарында ауқымды әрі күрделі еңбек жатыр, – деді Константин Павлович.

Айта кетейік, ақылды бағдаршамдар қозғалысты өздігінен басқармайды. Басқарма басшысына: «Көлік кептелісі көп болса, ақылды бағдаршамдардан не пайда?» деген сауал жиі қолданылатын көрінеді. Ал, шындығында бұл жүйе кептелісті азайту үшін емес, басқа мақсатта жұмыс істейтін көрінеді.

– Бағдаршамнан алынатын деректер ағынын нақты басқаруға жеткіліксіз. Мысалы, егер осы жүйеге нейрондық желіні қосып, «Бұқар жырау даңғылында кептеліс бар» деп бағдаршамның жасыл түсін қостық делік. Ол кептелістің кезегі тек келесі бағдаршамға дейін ғана жылжиды. Ал, шынтаында мәселені шешпейді. Мұндай жағдайда толық қала аумағындағы қозғалысты бақылайтын кешенді архитектуралық жүйе қажет, – деді

Қазіргі таңда бастысы дүние – сенімді инфрақұрылымдық база. Ол болмаған жағдайда жүйені басқару, кез келген нейрондық желіні интеграциялау, бағдаршамдарды толықтай бақылау мүмкін емес екен.

– Бұл нейрондық желі немесе жасанды интеллект емес, жай ғана күрделі алгоритм. Олар қосалқы жолдардағы жиналған автокөлік санын өзі бақылап, бағдаршам түсін сол жолда жиналған көліктерді автоматты түрде өткізу үшін өзгертеті. Мысалы, қалаға кіретін негізгі жолдың бәрінде үнемі бағдаршамның жасыл түсі жанып тұрады. Себебі, онда көп көлік жүреді. Ал, қосалқы жолда көлік сирек. Егер сол қосалқы жолға көлік жиылып қалса, онда жүйе автоматты түрде іске қосылып, бағдаршамның жасыл түсі жанады. Қазіргі уақытта база жақсы жұмыс істеп тұр. Әрі «Яндекс» жүйесіне де қосылды. Сондықтан, әрбір бағдаршам әр секунд сайын «Яндекс» навигаторына ақпарат жіберіп отырады. «Яндекс» навигаторын пайдаланатын жүргізушілер үшін, соның ішінде, жеткізу қызметі мен такси жүргізушілері бағдаршамның қай көзі жанып тұрғанын көріп, алдын ала хабар алады, – деді басқарма басшысы.

Алдағы уақытта «Яндекс» жүйесімен интеграцияланған робот-жеткізуші жобасын жасауды жоспарлауда. Мұны жүзеге асыру үшін сенімді инфрақұрылым қажет. Жалпы, роботтар бағдаршамға жақындағанда шамның жасыл немесе қызыл түсін көре алмайды. Ол ақпараттың бәрі нейронды жүйе арқылы берілмек.

Бағалар мониторингі жүйесі қалай жұмыс істейді?

Тағы бір игі жобалардың бірі – бағалар мониторингі жүйесі. Қызықты әрі тиімді бағдарлама осыдан үш-төрт жыл бұрын қолға алынған. Содан бері жоба даму үстінде. Әу баста Қарағанды қаласының кәсіпкерлік бөлімінен

дүкен сөрелеріндегі бағалардың өсімін бақылау қажетті жайында тапсырма түскен. Көп жағдайда тауар құны құжатта талаптарға сай бағада көрсетілгенімен, іс жүзінде мүлдем басқа көрінеді. Осы қажеттіліктер жаңа платформаны іске қосты. Ол платформада дүкендегі сөрелердің нақты бағасы ғана емес, орташа немесе минималды, максималды көрсеткіштеріне дейін көрсетеді. Яғни, автоматты түрде тауардың өсімін анықтап, нарықтағы бағасын шығарып береді. Бүгінде «Магнум», «Корзина» және «Аян» супермаркет желісінде іске қосылған. Деректер сайтқа жиналады. Ал, сайтта жоқ сауда желісіндегі бағалар қолмен терілетін көрінеді. Бүгінде аталған платформада 100 000-нан астам әлеуметтік маңызы бар азықтүлік өнімі бар.

– Мәселен, белгілі бір өнімді таңдап, оның нақты бағасын картадан көруге болады. Ол жерде бір тауардың құны 166 теңге делік. Бұл – парсинг арқылы алынған, яғни, дәл сол дүкендегі нақты баға. Аталған деректер ойдан шығарылмайды. Жүйе оны автоматты түрде жинайды. Сонымен қатар, картадан сол дүкеннің нақты орналасқан жерін де көруге мүмкіндік бар. Жоба Android және iOS платформаларына арналған мобильді қосымша форматында қолжетімді. Бұдан бөлек, кез келген пайдаланушы KrgPrice.kz сайтына логин мен құпия сөзсіз кіріп, қажетті ақпаратты еркін көре алады, – деді Константин Ильницкий.

Алдағы уақытта басқарма басшысы әлеуметтік маңызы бар азықтүлік өнімдерінен бөлек, қала тұрғындары үшін маңызды басқа да өнім бағасын бақылауға енгізуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, Small сауда желісіндегі бағаларды да мониторинг жасамақ. Әрі осы арқылы тауар бағасының салыстырмалы картасы құрылады. Яғни, қант қай жерде арзан, ұн қай жерде қымбат. Осының бәрін тұрғындар осы жоба аясында игілігін көре алады.

Қаланың жасыл желектерін цифрлық есепке алуға арналған TreeMar жүйесі – «Таза Қазақстан» акциясы аясында жүзеге асырылған ең қызықты жобалардың бірі. Жүйенің негізгі мақсаты жасыл желектерді цифрлық түрде есепке алып, барлық ағашты картаға түсіру. Қалада жалпы саны 863 000 ағаш тіркеліп, картада көрсетіліп тұр. Аталған жүйе автоматты түрде ағаштардың санитарлық жағдайына қарай сорттарға бөліп бере алатын қасиетке ие.

– Мысалы, картадағы бір қарайған терек ерекше көзге түсіп тұр делік. Мұны зерттеу қажет. Ағаштың қашан отырғызылғаны, неге дұрыс өспей жатқандығын білу керек. Бәлкім, оған арнайы инфекция әсер еткен шығар?! Одан бөлек, климаттық жағдайдың да ықпалы бар шығар. Мұның бәрін дендрологтар мен экологтар зерттейді. Ал, біздің техникалық мамандардың міндеті барлық деректерді жинап, тиімді әрі жылдам агрегаттап береді. Осы мақсатта мобильді қосымша жасалып, оған нейрондық желі қосылды. Желінің басты функциясы – үш фотосурет арқылы ағаштың түрін анықтап береді. Биыл осы нейрондық желі арқылы ағашқа қажетті күтім шараларын да анықтау функциясын іске қосу жоспарланып отыр, – деді Константин Павлович.

Бұл процесс фотосуреттер арқылы жүзеге асырылады. Дәстүрлі әдісте экология немесе дендрология маманы ағашты зерттеу үшін 763 000 талды жаяу аралап, олардың координаттарын жазып, картаға түсіруі керек. Бұл өте қымбат әрі көп уақытты қажет етеді. Ал, мобильді қосымшаны қолдану арқылы кез келген ерікті ағашты суретке түсіріп, геолакацияны белгілей алады. Сол сәтте ағаш автоматты түрде картаға енгізіледі. Ал, нейрондық желі оның түрін анықтайды.

Жол сапасы – басты назарда

Жол сапасын автоматты түрде бақылауға арналған JoLScan жүйесі қалада бірнеше жыл бойы жұмыс істеп келеді. Әрі уақыт өткен сайын жобаның сапасы да артуда. Бұл жобаның басты мақсаты – жолдың ой шұңқырын анықтау.

– Нейрондық желілерді қолданар алдында біз телефон акселерометрі арқылы жолдағы ой-шұңқырларды анықтайтынбыз. Телефонды автокөліктің панеліне орнатып, көлік ой-шұңқырға түскенде деректерді картаға енгізетінбіз. Мұндай әдіспен көптеген жоба істедік. Ал, нейрондық желілер бұл процесті едәуір жеңілдетті. Қазір біз жолдағы ойықтарды нақты көрсетеміз. Қазіргі уақытта жазғы датасет қолданып жатырмыз, – деді басқарма басшысы.

Жүйе қалалық қызметке тікелей хабарлама жолдайды. Мысалы, құдық қақпағы сынған жағдайда жүйе автоматты түрде картаға белгілеп алады. Қысқы кезенге арналған датасет қазіргі уақытта үш автобус пен екі жеңіл көлікте пилоттық режимде сынақтан өтуде. Сонымен қатар, инженерлер қаланың ең басты әрі ұзынкөшелерінің бір бөлігін қамту үшін №43, №45, №53 автобусына орнатыпты. Қысқы датасет үшін қытайлық көпфункционалы YOLO моделі алынған. Ал, бұл құрылғы жолдың ой-шұңқырын ғана емес, түрлі

деформацияны да дәл анықтайды екен.

– Қытайлық құрылғының көмегімен енді жолдағы 15-тен астам түрлі дефектіні анықтай аламыз. Жарық бағандарының ақауларын, қоқыс қалдықтарын, жол жабынына түскен жырақтар, ойықтарға дейін көре аламыз. Тіпті, сөніп қалған, немесе істен шыққан бағдаршамды да анықтай алады. Бұрын біздің нейрондық желі тек жол ойықтарын ғана анықтайтын. Алдағы уақытта көпфункционалы құрылғыны іске қосамыз. Әрине, көрші Қытаймен бәсекелесу қиын. Өйткені, олардың есептеу қуаты біздікімен салыстырғанда мүлдем басқа. Дегенмен, біз бұл жобаны IT-суверенитет тұрғысынан қараймыз. Міне, осы жылы біз дәл осы бағытта жұмыс істейміз, – деді ол.

Константин Павлович өз сөзінде қазіргі таңда нейрондық желілер мен жасанды интеллектке байланысты адамдарға ақпарат беретін немесе адамның орнын алмастыратын жүйенің көптігін, қойған сұрағына адамша жауап беріп, өзімен сөйлесетін роботтардың барын айтты. Алайда, мұндай жобаларды насихаттамайтындығын жеткізді.

– Олардың нақты пайдалы жақтары шектеулі. Көбісі тек хайп үшін ғана қолданып жатады. Шын мәнінде, адамды роботқа алмастыра алмайсың. Алмастырғанның өзінде бюджетке тиімсіз, – деді Константин Ильницкий.

Тұрақ көп күттірмейді


«Park.king» жобасын жүзеге асыру үшін қаладағы бейнекамералар пайдаланылуда. Жүйе бейнеағынды нақты уақыт режимінде талдап, әр паркінгтің бос немесе толы екенін анықтайды. Сөйтіп, ақпаратты сервиске жібереді. Ал, жүргізушілер осы арқылы алдын ала қай жерде қай тұрақтың бос екенін көре алады.

Қаладағы жалпы камераның ішіндегі тек 350-і паркінгтерді түсіреді екен. Биыл осы бағыттағы жұмыстарды қолға алып, сауда орталықтары, халыққа қызмет көрсету нүктелері және ірі тұрғын үй кешендерін іске қосуды жоспарлап отыр.

– Біз әуелі жүйеге қолмен тұрақтағы барлық орынды сызып, енгіземіз. Ал, жүйе нейрондық желіге нақты командалы береді. «А» орынында көлік тұр ма, жоқ па автоматты түрде анықтап береді. Бос болмаса, қызыл түспен көрсетіледі. Ал, бос болса – жасыл жанады. Барлығы автоматты түрде картаға енгізіліп отырады. Біздің негізгі мақсатымыз жүргізушілердің уақытын үнемдеп, жүйкесін шаршатпау. Қаладағы паркінгтерде камера саны көп. Өйткені, бұл жерлер түрлі жағдайлар орын алатын басты аймақ есебінде. Сондықтан, ондай жағдайлар туындамауы үшін осындай жұмыстарды қолға алдық, – деді Константин Ильницкий.

Биыл үлкен сауда орталықтары, «Алтын арба» базары мен ХҚО орталығына орнату жоспарлануда. Басқарма басшысы бұл үшін жеке мобильді қосымша әзірлеудің қажеті жоқ екенін айтады. Оның орнына веб-сервис іске қосылып, «Яндекс» платформасымен келіссөз жүргізуді көздеп отыр. Келешекте автотұрақтар «Яндекс.Картада» көрсету мүмкіндігін қарастырып жатыр.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



• БРИФИНГ

Аудан дамуында іркіліс жоқ

Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов облыстық коммуникациялар қызметі алаңында өз аймағының 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы облыстағы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен брифинг өткізді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сөзінің басында Сәбит Темешұлы аудан өнеркәсібінің өсу қарқынына тоқталды. Атап айтқанда, мұнда өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі 95 миллиард теңгеге өскен. Топар Бас энергия тарау орталығында қуаттылығы 130 мегаватт болатын жаңа турбина іске қосылып, электр энергиясын өндіру 12 пайыз арттыпты. Сондай-ақ, «Абай» шахтасы мен «Восточная» орталық байыту фабрикасында көмір мен оның концентратын өндіру көлемі ұлғайған. Өткен жылы «Қарағанданеруді» кәсіпорнында негізгі өндіріс жабдықтары ауыстырылған екен. Ал, «Деметра-2005» ЖШС жаңа цех құрылысын аяқтап, газгольдерді пайдалануға беріп, жылжымалы балқыту пешін іске қосқан көрінеді.

Есепті кезеңде ауданның негізгі капиталына шамамен 67 миллиард теңге инвестиция тартылса, соның 90 пайызы жекеменшіктің үлесінде. Осы жылы жалпы инвестиция көлемі 7 миллиард 300 миллион теңгені құрап, 140 жаңа жұмыс орнын құратын 3 инвестициялық жобадан тұратын пул қалыптастырылды. Солардың бірі – Абай қаласындағы «Alisha Group» ЖШС құны 800 миллион теңгелік мал сою цехы бар толық циклды ет өңдеу кәсіпорнының құрылысы. Биыл іске қосылатын бұл кәсіпорын жылына экспортқа

шығаруға 2 мың тоннадан астам ет өңдейтін болады.

Қазірде шетелдік инвесторларды тарту барысында аудан аумағында 2 жаңа өндірісті ашуға дайындық жүргізілуде.

Абай ауданында 2025 жылы ауыл шаруашылық өндірісінің көлемі 54 миллиард теңге болса, ол өткен жылғы деңгейден 10 пайызға жоғары.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірде туристік инфрақұрылымды дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Сол мақсатта Шерубай-Нұра су қоймасының оң жағалауы бойында 4 шақырым жол жөнделіп, енді биыл сол жағалауға баратын 7 шақырым жол жөнделмек. Осы демалыс аймағына электр тогын беретін 18 мың метр желілер тартудың жобалық-сметалық құжаттамасы даярланып, сараптамадан өткен.

Қызмет көрсету саласын кеңейте отырып, жаңа туризм нысандарын салу және жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялау бойынша 6 инвестициялық жобаның пулы қалыптастырылды.

Ауданның құрылыс саласында да оң нәтижелер аңдалады. Мәселен, «Тұрғын үйге қолжетімділік» жалпыұлттық бағдарламасы аясында Абай қаласында 80 пәтерлі көпқабатты үй салынып бітіп, содан ауданның 47 отбасы жаңа пәтерге ие болды.

Жыл қорытындысы бойынша Абай ауданында барлығы 9 200 шаршы метр тұрғын үй пайдала-



нуға беріліп, бұл бытырғы көрсеткіштен 14 пайызға асып түсті.

Абай қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының құрылысы аяқталып, онда қалдық сұрыптау желісі орнатылды. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинайтын мыннан аса контейнерлер

сатып алынып, рұқсат етілмеген 52 коқыс үйіндісі жойылды.

Есепті мезгілде ауданда 42 шақырым жолға орташа жөндеу жасалып, соның ішінде Қызыл ауылына кіретін 5 шақырым жолға, Дубовка, Көксеу, Мичурин ауылдық округтерінің жолдарына

жөндеу жүргізілді. Енді биыл ол жұмыстар жалғасып, Абай қаласында жол жабындысын күрделі жөндеу жоспарда. Сонымен бір мезгілде суағар көріз жүйелеріне тазалау мен қызмет көрсету жүргізілмек.

Өткен жылы Дубовка ауылын-

да ағын суды айыру құбырлары төселіп, биыл Абай қаласында ағын су тораптарын тазалау шаралары жалғасады.

Абай ауданында спорт инфрақұрылымы да даму үстінде. Бұқаралық спорт пен саламатты өмір салтын қалыптастыру үшін Абай қаласының 3-шағын ауданындағы жөнделген ғимараттарда 12 спорт секциясы ашылып, жұмыс істеп, оларда 600-дей адам жаттығады.

Өткен жылы ауданда Ұлы Абайдың 180 жылдығына байланысты республикалық ақындар айтысы өтіп, Абай ақынның онкүндігіне 30 мыңнан астам адам қатысты.

Ұлы Женістің 80 жылдығы құрметіне ауданның соғыс және тыл ардагерлері туралы кітап жарық көріп, кітапханалар мен сол адамдардың отбасыларына таратылды.

Бытырғы «Жұмысшы мамандықтарының жылында» аудан мектептерінің оқушылары облыс колледждері ұсынған 13 мамандықпен танысу форумына қатысып, кәсіптік бағдар алды.

Енді биыл абайлықтар Қарағанды облысы құрылуының 90 жылдық және Абай қаласының 65 жылдығын атап өтпекші.

– Осы айтулы оқиғаларды лайықты түрде атап өту үшін көптеген іс-шараларды жоспарлап отырмыз, – деп сөзін қорытындылаған Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов брифинг соңынан журналистер қойған сұрақтарға жауап берді.

Абай ауданы
Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛИМ

• ЭКОНОМИКА

Инновация инфляцияны тежейді

2026 жылға Қазақстан экономикасы жаһандық үрдістер мен ішкі факторларға байланысты сын-қатерлерге қарамастан, байыпты оптимизммен қадам басып отыр. Халықаралық ұйымдар мен жергілікті сарапшылардың парасат-пайымына сәйкес, жалпы ішкі өнім өсімі 4-5,5% деңгейінде күтіледі, инфляция 8-11%-ға дейін баяулауы бек мүмкін.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет ЖИ

өсімі оң әсер сыйламағы сөзсіз. Мұнда фармацевтика, машина жасау және косметика салаларын дамытуға 4,5 трлн теңге көлемінде инвестиция жұмылдыру жоспарланып отыр. Демек, жаңа жұмыс орындары ашылып, халық табысын арттыруы ықтимал. Алайда, көнігі сарапшылардың айтуынша, тауар нарықтарындағы құбылмалылық секілді сыртқы тәуекелдер өсім қарқынын едәуір баяулатуы көдік. Қарағанды тұрғыны Самат Жұасбай Facebook әлеуметтік желісінде: «2025 жылы экономика өсті, бірақ, Қарағанды сияқты өндірісті өңірлерде өсім онша сезілмейді. Өйткені, жалақы мөлшері шарықтаған бағаға ілесе алмай жатыр», – деп жазды. Желі қолданушысының сөзі қапысыз шыныдық. Жалпы алғанда, өсім теңдей бөлінесе, өмір сүру деңгейі нақты мәнде 3-4%-ға жақсарар еді ғой. Бірақ, мұндай қиямпұрыс қиял іс жүзінде көсемгізді тағы көгерте қоймасын және түйсінеміз.

Демек, не? Демек, «Ми ма, ЖИ ма?» деген занды сауал албарына ат барсын тірепті, нақты әңгімеге желі тарту қажеттігі шығады осыдан. Боямасыз шындығымызға орай, адамзат баласы осы күнде өндіріске жасанды интеллектіні енгізуге мүдделі. Әдепкі жұмыс орыны үшін – ЖИ мүлтіксіз мүмкіндік. Үкімет AI SANA бастамасы арқылы 2030 жылға дейін 1 млн адамды ЖИ дағдыларына оқытуды жоспарлауда. Метеорология мен өндірістегі жобалардан 2026-2030 жылдары 36 млрд теңге экономикалық тиімділік күтіледі. ЖИ көлеңкелі экономикамен күресте де қолданылып, салық жинауды арттырады.

Қарағанды облысында, әсіресе, көмір мен металл өндіру салаларында, ЖИ өндірісті отғайландырып, шығындарды азайтып,

қауіпсіздікті арттыра алады. Berkeley Economic Review сарапшылары ЖИ жаппай қысқартуға емес, міндеттердің қайта бөлінуіне әкелетінін айтады. Дегенмен, жергілікті тұрғындар алаңдаулы. «Өндірістегі ЖИ жақсы-ау, бірақ, Қарағандыда көп адам шахталарда жұмысынан айырылып қаламыз ба деп қорқалды», – деп жазады өңір тұрғыны Х желісінде. Жалпы алғанда, ЖИ цифрландыру есебінен ЖІӨ-ге 2-3% қосады, делік. Есесіне білік-тілігі төмен жұмысшылар арасында жұмыссыздықты болдырмау үшін әркім қайта оқу қажеттілігі қоса туындайды.

Инфляциялық үдерістер «баяулау бар, бірақ қиындықтар сақталды» деген райда қазір. Санамалап көрсек, 2025 жылы Қазақстандағы инфляция деңгейі 12,3% мөлшерінде болса, көрші Ресеймен салыстырғанда (5,6%) төмен екендігін ескереміз. 2026 жылға болжамдар біршама оң. ЕАДБ – 9,7%, ACRA – 8%, ал, Halyk Finance – 10,5-11,5% деңгейін күтеді. Ұлттық банк тарифтер мен салықтардың өсуіне байланысты, болжамды қайта қарағанымен, жыл соңына қарай төмендеу болады деп сенеді. Қазыналы Қарағандыда инфляция импорт пен энергия ресурстарына тәуелділікке байланысты қаттырақ сезіледі. Тұрғындар бастабында бағаның өскенін айтады. «1 қаңтардан бастап, шамамен ҚҚС 16%-ға өсті. Соның салдарынан азықтүліктен бастап, коммуналдық қызметтерге дейін бәрі қымбаттады», – дейді өңір тұрғыны Айгүл Байдалы. Өз кезегінде сарапшылар болса, «Қымбат неселер мен сақтықпен берілетін қарыздар тұтынуды тежейді. Соңында инфляцияны ауыздықтауға көмек-

теседі», – деп пікір қосады. Иә, келіселік, төмен табысты отбасылар үшін, сатып алу қабілеті 5-7%-ға төмендер. Алайда, жазға салымғы тұрақтану жағдайды біршама жақсартады.

Жыл басында теңге бағамы шамамен 511 теңге/АҚШ доллары деңгейінде тұрақтады. Мұнай бағасы мен сыртқы факторларға байланысты жыл соңына қарай 535-549 теңгеге дейін әлсіреуі мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. АФС қаңтар айында экспорттың қолдауымен 517 теңге деңгейін күтеді. Металл экспорттайтын Орталық Қазақстан үшін теңгенің әлсіреуі экспорттық табысты арттырғанымен, импорттық тауарлар бағасын қымбаттатады. Бәріміз бірауыздан «Теңге бағамы құбылып тұрады. Бұл қалтаға қатты тиеді. Ең алдымен импорттық өнімдер қымбаттайды», – дейміз. Әлбетте, тұрақты бағам өмір сүру деңгейін сақтауға көмектеседі. Қаражаттың құбылмалылығы нақты табысты 2-3%-ға төмендетеді.

Сонымен, 2026 жылы да облыс тұрғындарын экономиканың қалыпты өсімі күтіп тұр. Бірақ, инфляция әсерінен өзбек нарығындағы әркімнің өзгерістер тәуекел болып қала бермек. Өңір-ге салынатын инвестициялар мен цифрландыру табыс пен өмір сапасын арттырады. Мұндағы табыс кілті – өсім мен баға бақылауы арасындағы тепе-теңдікте. Респондент пікірлері статистика мен күнделікті өмір арасындағы «Экономика өсіп жатыр, бірақ адамдарға пайдасы аз» дейтін алшақтықты айғақтағанымен, жалпы алғанда, өмір сүру деңгейі 2-4%-ға өседі.

Аңғарғанымыз, қаржылық үдеріс қалтамызда бүйірлеп жатып қалғымайды. Керісінше бүйір қыздырып тұрғандай. Мұнда бір қызық гәп бар. Сұраныс күрт артқан әлемде бір мезет «тағат ету тактикасын» қолданып көрген жан әсте көрген күнінің шарапатын сезіне түседі. Себебі, осы он екі айда облыс тұрғынының әл-ауқаты қалтасының қалыңдығымен емес, тұтынуының жиілігімен сыналады. Сатып алудағы мінәйі себеп санын азайтқан жан ұтады. Қалауын қаңтармағандар сәл ұтылады. «Тенге – тыннан, ынтымақ – ұйымнан».

Бала неге өмірден баз кешеді?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан және профилатикалық есепте тұрған 23 мыңнан астам оқушы тұрақты патронажбен қамтылған. Бұл бағытта мектептер, полиция және әлеуметтік қызметтер бірлесіп жұмыс жүргізеді, – деді Қарағанды облысының ПД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бөлім бастығы Әсел Омарова.

Балалар мен отбасыларға нақты көмек көрсету мақсатында республика бойынша 112 Отбасын қолдау орталығы құрылған. Қарағанды облысында 10 орталық жұмыс істейді. Бұл орталықтарда заңнамалық, психологиялық, әлеуметтік және білім беру бағыттары бойынша кеңес беру қызметтері көрсетіліп, отбасылық қатынастарды нығайтуға және жанжал деңгейін төмендетуге бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылады.

2025 жылы Отбасын қолдау орталықтары арқылы 6 277 тұлғалық қызмет көрсетілген. Сонымен қатар, орталықтардың мобильді қосымшасы арқылы 1 455 кеңес беріліп, 620 іс (дабыл) мемлекеттік органдарға жолданған. Бұл отбасылармен жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі.

– Ата-аналармен жүргізілетін профилатикалық жұмыс та өз тиімділігін көрсетуде. 2025 жылы балалар тәрбиесіне қатысты міндеттерін орындаудан жалтарған ата-аналары бар қоласыз отбасылар саны екі есеге жуық азайған. Бұл білім беру ұйымдарының, әлеуметтік қызметтердің, мобильді топтардың және Отбасын қолдау орталықтарының бірлескен жұмысының нәтижесі.

Сонымен қатар, алаңдатарлық көрсеткіштер де бар. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид жағдайлары 34,4 пайызға өсіп, 22 жағдайдан 30 жағдайға дейін артқан. Суицид – бір сәттік әрекет емес, ұзақ уақыт бойы жиналған психологиялық қысымның, жалғыздық пен түсінбеушіліктің салдары, – деді Қарағанды облысы бойынша Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл Ирина Киселева.

Осыған байланысты өңірде суицидтің алдын алу бағытында ведомстворалық комиссияның отырысында арнайы алгоритм бекітіліп, тәуекелдерді ерте анықтауға және психологиялық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған шаралар қабылданды. Білім беру ұйымдарында балалардың эмоционалдық жағдайын бақылауға арналған «Көңіл күй күнделігі» секілді психологиялық қолдау тетіктері енгізілуде. Мемлекет деңгейінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қатаң шаралар қабылданды. Атап айтқанда, 111 бірінғай сенім телефоны іске қосылып, балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне жедел әрекет ету тетігі күшейтілді. Сонымен қатар, балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік қатайтылып, оның ішінде, балалардың жыныстық қолсұғылшаушылығына қарсы қылмыстар үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру жаза-сы енгізілді.

– Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид жағдайларын артты – қоғамдағы психологиялық ахуалдың күрделенуіне тәуекелді көрсететін маңызды сигнал. Суицид қаупіне әкелетін негізгі факторлардың қатарында созылмалы стресс, өзін-өзі төмен бағалау, отбасындағы қолайсыз психологиялық ахуал, буллинг пен кибербуллинг, сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі теріс контенттің ықпалы бар. Баланың мінез-құлқындағы тұйықталу, көңіл қызық құрт өзгеруі, бұрын күйеуіне істерге немқұрайдылық таныту, өлім тақырыбын жиі қозғау – ересектер үшін елеусіз қалмауы тиіс дабыл белгілері, – деді Абай ауданының Жастар ресурстық орталығының психолог маманы Лаура Дүйсенова.

Балаларға қатысты қылмыстардың азаюы – он үрдіс. Алайда, интернеттегі қауіптердің күшеюі мен суицид көрсеткішінің өсуі бұл мәселенің әлі де өзекті екенін айқын көрсетіп отыр. Балалардың қауіпсіздігі – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, отбасы, мектеп, әлеуметтік қызметтер мен бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

• ТАҒЫМ

Көңілден әлі кетпейді

Бұқар жырау ауданында Айтжан Жарылғасынұлын білмейтін адам жоқ деуге болады. Аты ауызға алынса болды, ес жиған баладан бастап еңкейген қартқа дейін оның кім болғанын, халық үшін қандай қызмет атқарғанын әңгімелей жөнеледі.

Бейнесі көз алдыңнан кетсе де, көңілден кетпейтін сан азаматтар болса, соның бірі кезінде жақсы таныс болып, қатар жүріп сыйласқан Айтжан Жарылғасынұлы Жүнісбеков еді.

Ол Бұқар жырау ауданында жиырма жылға жуық мәслихаттың хатшысы болды. Сол кезде аудан түгiлi облыстың, тіпті, республиканың қоғамдық істеріне белсене араласып, өзінің біліктілігімен де, білгірлігімен де ерекше көзге түскенін айтуымыз керек. Аудан мәслихатына хатшы болып сайланысымен қай деңгейдегі болсын, мәслихаттардың ролі, мәртебесі мен беделін көтеру, жергілікті басшылық ұйымдарымен байланысын жақсартып, атқаратын қызметінің ауқымын арттыра түсу мәселесі ойынан бір шықпай жүреді. Бір күні облыстық мәслихаттың хатшысы, Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері Қасымбек Медиевке арнайы жолығып, өзінің осы ойын ақтарады. Ақыры тек бюджет бекітумен ғана айналысатын мәслихаттардың қызмет ауқымы кеңейіп, аудандық, қалалық, облыстық мәслихаттардың басын қосатын Республикалық мәслихаттар бірлестігі дүниеге келеді. Бірінші құрылтай конференциясында тексеру комиссиясының мүшесі болса, кейіннен сол комиссияның төрағасы болды. Сессияларда бірнеше рет баяндама жасап, өзінің ойын ортаға салады. Бірлестік сессияларын облыс орталықтарында өткізіп, озық тәжірибелермен танысу, пікір алмасу мәселесін ұсынады. Кейіннен сол ұсыныс бойынша бірлестіктің көшпелі сессиялары Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау



облыстарында өтеді. Бұрын ешқайда ұзап шықпайтын мәслихат хатшылары үшін бұл күтпеген жаңалық болады. Осындай сессиялардың барлығын өткізу кезінде Айтжан ерекше ұйымдастырушылық қабілетімен көрінеді. Сондықтан да, әріптестері Қазақстан мәслихаттарының Құрметті депутаты атағы Айтжанға өте орынды берілгендігін, шын иесін тапқандығын әрқашан айтып жүреді.

Өткен өмір белесінде өшпес із қалдырған, абыройы жалпақ елге жайылған, ауданның экономикалық жағдайын арттырып, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге өзіндік мол үлес қосқан айтулы азамат Айтжан Жүнісбековтің өмір жолына да көз жүгірту артық етпейді. Сол кезде менің ойыма шағын ғана өзім сан рет болған Алабас ауылы оралады. Студент кезден аралас-құралас болған, белгілі ағайынды азаматтар – атақты қобызшы Сайлаухан Нокин мен ҚарлҰ-дың доценті Оразхан Нокиндер ауылдарына жиі шақыратын. Алабаста олардың анасы және ағалары Сейітхан балаларымен тұрды. Негізі кішігірім төбешіктердің

ортасына орналасқан шағын ауылдан талай белгілі азаматтар шықты. Солардың арасынан ел таныған Әли Маликов, Бейсенбек Әрінов, партия және кеңес қызметкері Марат Мусин, химик-ғалым Жанат Маликов, техника ғылымдарының докторы Еркін Әрінов, заң ғылымдарының докторы Қабдеш Айтқожин және біз сөз етіп отырған айтулы азамат Айтжан Жүнісбеков және оның ағасы, белгілі дәрігер Қабыкеш Нұрпейісов пен інісі, мемлекеттік қызметте болған және Жоғарғы Сотта қызмет атқарған Амангелді Жүнісбеков және басқаларды атауға болады.

Айтжан 1949 жылы бұрынғы Ворошилов ауданына (бір кездегі Ульянов, қазіргі Бұқар жырау) қарасты Алабас колхозында дүниеге келіпті. Жасынан алғыр болып өскен ұлы Айтжанды көпті көрген әкесі Жарылғасын Қарағанды қаласындағы байырғы оқу орны №2 мектеп-интернатта оқытады. Бейнетқор, зейінді жас оны бітірген соң ауылдағы әке-шешесіне көмекші болып, еңбек жолын ауылда механизатор-малшы болып бастайды. Сол кезде оның алғырлығын, шаруаға ыңғайлы, зейінді екенін байқаған ауылдастары оқуға түсуге кеңес береді. Сонда ол Қарқаралы зооветеринарлық техникумына таңдайды да, оны 1972 жылы үздік бітіріп шығады. Арнаулы орта білімді жас маман өзінің ауылына – Пушкин атындағы совхоздың Алабас бөлімшесіне оралып, қызу еңбекке араласады. Мал дәрігері, ферма бригадирі, бөлімше зоотехнигі сияқты жұмыстар атқарады. Өзінің қызметке деген бейімін көрсеткен Айтжанды 1976 жылы совхоздың (қазір Ақбел ауылы) кәсіподақ жиналысында жұмысшылар комитетінің төрағасы етіп сайлайды. Біраз жыл еңбек еткен соң партия қатарына қабылданып, одан соң Алматыдағы жоғары партия мектебіне оқуға жіберіледі. Оны бітіріп келген соң аудандық партия комитетінде қызмет атқарады. Біраз жыл еңбекте етіп, біраз тәжірибе жинақтаған Айтжанды Қылыш Бабаев атын-

дағы совхоз бастауыш партия ұйымының хатшысы етіп сайлайды. 1990 жылы аудандық партия комитетінің хатшысы етіп сайлайды. Бір жылдан соң ауыл шаруашылығы басқармасында іс жүргізу жөнінде бас маман міндетін атқарады. Аудан әкімшілігі басшысының орынбасары, бірінші орынбасары лауазымдарында болады. Одан соң 1997 жылы «Ақбел» ашық акционерлік қоғамы құрылғанда соның төрағасы болып сайланады. Екі жылдан соң аудан мәслихатының депутаты және оның хатшысы болып сайланады.

Айтжан қай жерде, қандай қызмет атқармасын ең бірінші кезекте халқына жағдай жасауға, қолынан келген көмегін аймауға тырысты. Ауданда қызмет атқарғанда болсын, Қылыш Бабаев пен Ақбел ауылдарындағы қызметінде болсын жұртшылықтың көңілінен шыға білді.

Халқымыз «Әке көрген – оқ жонар» деп бекер айтаған. Әкесі Жарылғасын Жүнісбекұлы соғыс ардагері, майдан даласынан елге ауыр жарақаттанып оралған. Соғыстан бұрын ауданның Алабас және Жастілек колхоздарында мал фермасының бригадирі, басқарма төрағасы болып еңбек етіп, аудан экономикасының дамуына елеулі үлес қосқан адам. Көпті көрген қария өмірден түйгенін баласының құлағына құйып отырудан жалықпайды. Мектеп бітірген соң Қарқаралыға оқуға кеткенінше әкесінің жанында болған жылдары Айтжан көп нәрсеге үйреніп, көп жайға қанығады. Сол кездерде әкесінің зерделілігіне, алдын ала болжампаздығына қайран қалады. Кейде совхоздың бас агрономының өзі келіп ақылдасады екен. Сонда ол кісі өзінің көп жылғы тәжірибесіне сүйене отырып: «Биыл егінді тасқа салсаң да шығады», – дейді. Ал, егер қолайсыз, жаңбырсыз жаз болатынын сезсе: «Биыл егіннің шығуы екіталай», – дейді екен басын шайқап. Сол айтқандары айнымай келеді екен.

Жасынан қаладағы №2 мектеп-интернатта білім алуының өзі тәрбиелі азамат

болып өсуіне оң ықпалын тигізді деуге толық негіз бар. Мұндағы талай білікті азамат тәрбиелеуге үлес қосқан ұстаздардың алдынан алған тәлімі мен тәрбиесінің әсері аз болмаса керек. Қарқаралыдағы техникумның да талай түлектері ауыл шаруашылығының мамандары болып, ел басқаруға ерекше үлес қосқаны жасырын емес. Алматы жоғары партия мектебінің кадрлар даярлаудың ұстаханасы екендігі өзінен-өзі белгілі. Міне, Айтжанның алған тәрбиесі мен білімі «қайрап ап қалың жауға сермейтін көк семсердің жүзіңдей» болып шынығып шығуына осындай игі ықпал етті дей аламыз.

Тағы бір айта кететін мәселе – Айтжан ауданның тек экономика саласына ғана емес, оның білім саласын, өнері мен мәдениетін дамытуға да ерекше үлес қосқан адам. Аудандағы кітапханалар жүйесін жолға қоюдағы өзіндік қолтаңбасы әлі күнге дейін оше қойған жоқ. Мәдениет басшыларымен бірлесе отырып талай істер атқарды. Соның арқасында аудан халқы рухани азық алатын саланың игілігін көріп отыр. Кешегі өткен тарих пен бүгінгі күннің жаңалықтарын ұштастыра отырып, мұражайлар мен тарихи ескерткіштерді сақтау және жаңаларының бой көтеруіне де ықпалы аз болған жоқ.

Міне, дүниеден өткеніне 10 жылдық жүзі болған, халқы үшін адал еңбек еткен, пейілі ақ, көңілі кірпіксіз парасатты жан жұмақтың төрінен орын алған шығар деп ойлаймыз.

Сөз соңында айтарымыз – осындай айтулы азаматтардың жарқын бейнесі көзден кетсе де, көңілден кетпейді. Асқар таудың алыстаған сайын биіктей түсетіні сияқты Айтжан Жарылғасынұлының да бейнесі әрқашан ұмытылмай, жүрек түпкіріндегі алтын сандықта сақтала беретіні сөзсіз.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
ҚР Ақпарат саласының үздігі

• ШАҒҒЫ СПОРТЫ

Шалғай ауылдағы қыс қызығы

Қарқаралы ауданына қарасты Татан ауылдық округінің Қарағаш ауылында мектеп оқушылары арасында шаңғы тебуден аудандық жарыс өтті.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттің заманауи саясатының басым бағытының бірі – халық арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру, өскелең ұрпақты да осы мақсатқа тәрбиелеу, жастарды спортқа баулу және бұқаралық спортты дамыту болса, жоғарыдағы іс-шара осы мақсатқа дөп келеді. Жарысқа Қарқаралы қаласынан басқа, Томар, Қасым және Қарағаш ауылдарының оқушылары қатысты.

Аудан орталығынан 180 километр қашықтықта орналасқан, ғасырлық тарихы бар Қарағаш ауылы мектебінің оқушылары аудан және облыс көлемінде өтетін шаңғы жарыстарында тұрақты түрде жүлделі орындарға ие болып жүр. Қарағаштағы 9 жылдық мектеп оқушыларының ата-аналары соңғы он жыл көлемінде қысқы спорт түрлеріне ерекше көңіл бөліп, балаларын шаңғымен және басқа да қажетті спорт жабдықтарымен толық қамтамасыз етіп келеді. Ауыл азаматтары, мектеп ұжымымен бірлесіп, биыл да «Темірші қысы – 2026» шаңғы жарысын жоғары деңгейде ұй-



ымдастырды. Сайысқа қатысушы командаларға арнайы жүлделер тағайындалып, ыстық шай мен тағам түрлері әзірленді. Бн-ағалың (Бейімбет Майлин) «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» деген қанатты сөзінде айтылғандай, тұрғындарының еңбекшілдігі мен ұйымшылдығы арқасында Қарағаш ауылы өзгелерге үлгі боларлықтай өркендеу үстінде.

Жарыс жоғары деңгейде өтті, – дейді белгілі марафоншы

әрі бапкер Думан Бейсенаев. – Балалардың көздерінен от ұшықндап тұрғанын көрдік. Жеңіске деген құлшыныстары зор екен. Осындай спорттық шараны сәтті өткізген ұйымдастырушыларға үлкен алғыс білдіреміз.

Қарқаралы қаласынан барып, жүлделі орынға ие болған Дана Кәкібаева:

– Жарыс маған өте ұнады. Бірнеше жылдан бері шаңғы үйірмесіне қатысып келемін. Осын-

дай жарыстарға, бұдан да ірі қатысқанда ұнатам. Медальмен оралып, ата-анамды қуантқаным ризамын, – дейді.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлер «мадақтамаларымен, медальдарымен және ауыл азаматтары тағайындаған ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Сурет
ұйымдастырушылардан

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2025 жылғы 12 айдағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2025 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 5 аудиторлық және 4 сараптамалық – талдау іс-шарасы жүргізілді.

Жергілікті бюджет қаражат көлемі 21 465 597,5 мың теңгені құрайтын 60 объекті мемлекеттік аудитпен қамтылды.

24 221 944,6 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының бұзушылықтары анықталды. 19 158 825,6 мың теңге қалпына келтірілуге және өтелуге жатады, оның ішінде 2025 ж. 12 айындағы 17 554 743,7 мың теңге қалпына келтірілді және өтелді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша төмендегілер жолданды:

аудит объектілеріне – 5 аудиторлық қорытынды және 35 нұсқама жолданды, 53 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды; *мәслихаттарға* – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 17 ұсыныс жолданды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 164 аудит материалдары жолданды, жалпы 18 709,0 мың теңге айыппұл сомасына 76 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, есептік кезеңде Тексеру комиссиясымен 1 166,5 мың теңге айыппұл сомасына 7 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

құқық қорғау органдарына – 9 аудит материалы.

№9

Қарағанды қаласының Әлихан Бөкейхан аудандық соты Қарағанды қаласы, 14-шағынауданы, 25-үй, 50-пәтер мекенжайында тұратын Ангелина Яковлевна Иванованың өтініші бойынша 23.07.1961 жылы туған, Алматы қаласының тумасы Евгений Яковлевич Бокровты қайтыс болды деп тану туралы іс қозғалды. Соңғы тұрғылықты жері: Қарағанды қаласы, 14-шағынаудан, 25-үй, 50-пәтер. Евгений Яковлевич Бокровтың қайда екені туралы қандай да бір мәліметі бар адамдардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз.

№34

Жаңалық әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyq.kz/>

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ұжымы тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Салават Қамшыбайұлы Кентбекке әпкесі

Гүлдана ҚАМШЫБАЙҚЫЗЫНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты орны тоlmас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.


Д

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• ЖАҢА КІТАП

Дала даналығының жаңғырығы

Қазақ руханияты тағы бір тағылымды еңбекпен толықты. Жуырда Қарағанды қаласындағы «Bolashaq» баспасынан «Байнамаздың Жұмаділі» атты кітап жарық көрді. Бұл жинаққа Арқа өңіріне аты кенінен мәлім, аузы дуалы, сөзі уәлі ділмар-шешен Жұмаділ Байнамазұлының ел аузында сақталған өнегелі әңгімелері мен ол туралы естеліктер топтастырылған. Кітапты құрастырып, жарыққа шығуына ұйытқы болған – белгілі қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әлімжан Құтжанұлы.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Жинақта ХХ ғасырдағы кеңестік жүйенің қыспағында өмір сүрген қазақ қоғамының шынайы көріністері, сол заманның күнгейі мен көлеңкелі тұстары Жұмаділ Байнамазұлының тағдыры мен тағылымды сөздері арқылы бейнеленеді. Қарапайым, жеңіл тілмен өрілген әңгімелер қазақы қалжыңға, астарлы әзіл мен ұмытты юморға толы. Оқырманды бірде күлдіріп, бірде ойға жетелейтін бұл кітап – халық даналығының айнасы іспетті. Кітаптың алғы сөзінде заң ғылымдарының докторы, профессор, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу универ-

ситетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков еңбектің мән-маңызына ерекше тоқталған.

«Жұмаділ Байнамазұлы – ел ішінде елеусіз жүргенімен, сөзі мен ісі тұтас бір дәуірдің шындығын танытатын тұлға. Оның әзілге құрылған қысқа әңгімелерінің өзінде терең мағына, тіпті, саяси салмақ бар. Қылышынан қан тамған кеңестік кезеңде әділдікті ту етіп, шындықты бетке айтқан Жұмакеңнің болмысы – бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге. Бұл жинақ – тұтас бір дәуірдің айнасы», – дейді Нұрлан Орынбасарұлы.

Расында да, Жұмаділ Байнамазұлының тосын мінезі мен тапқыр жауаптары Қожанасыр мен Алдаркөсе сынды халықтық образдарды еске салады. Бірақ, оның әр сөзі – күлкі үшін емес, ел мүддесі үшін айтылған уәлі сөз.

Кітаптың жарыққа шығуына ақ батасын берген абыз ақсақал, ауданға еңбегі сіңген Амандық Құсайынұлы да еңбектің құндылығын жоғары бағалайды.

«Өткенді ұмыттырмай, Жүмекендей елге еңбегі сіңген азаматтың өмір жолын жинақтап, кітап етіп шығару – сауапты іс. Бұл еңбекті бастаған, қолдау көрсеткен азаматтарға, әсіресе, кейінгі ұрпаққа алғысым шексіз. Мұндай кітаптар – ел тарихын тірілтетін рухани қазына», – дейді ақсақал.

Шынында да, ел ішінде айтылып келген әңгімелерді хатқа түсіріп, тасқа басу – уақыт пен ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Жинақта Жұмаділ Байнамазұлы туралы жылы естеліктермен қатар, оның отбасылық және қызмет жолынан сыр шертетін сирек суреттер де берілген.

Кітапқа пікір білдірген ел ағасы Балтабай Игенұлы да бұл еңбектің тәрбиелік мәніне айрықша назар аударыпты.

«Байнамаздың Жұмаділінің әңгімелері – қиын-қыстау замандағы халықтың мұң-мүддесін, әділдікке деген ұмтылысын көрсететін шынайы дерек. Бұл кітапты болашақ жастарға осиет, өмірлік тәжірибе мен дала даналығының үлгісі ретінде ұсынамыз. Осындай еңбектер арқылы өткенімізді танып, бүгінімізді бағалаймыз», – дейді ол.

«Байнамаздың Жұмаділі» – ел ішіндегі көмескі қалған асыл сөзді қайта тірілткен, халық жадындағы тұлғаны жаңғыртқан құнды еңбек. Бұл жинақ – тек бір адамның өмір жолы емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі.

Жаңа кітаптың оқырманын тауып, қазақ руханиятына қызмет ете беруіне тілектеспіз.

Сурет автордан

• ДЗЮДО

Мысырдағы мерей

Мысырдың Хургада қаласында өткен Red to Med Judo Clash Hurghada 2026 халықаралық дзюдо турнирі қазақстандық жасөспірім спортшылар үшін табысты аяқталды. Беделді жарысқа 13 елден келген дзюдошылар қатысып, тартысты бәсекеде Қазақстан құрамасы жоғары нәтиже көрсетті.

Ұлттық жасөспірімдер құрамасының жеті мүшесінің барлығы да жүлдегер атанып, ел абыройын асқатқатты. Қазақстан қоржынына төрт алтын, бір күміс және екі

қола медаль түсті. Бұл көрсеткіш отандық дзюдо мектебінің әлеуеті мен жүйелі дайындығын тағы бір мәрте айғақтады.

Алтын медаль иегерлері қатарында қыздар арасында Сунита Какен (40 кг-ға дейін) мен Злата Швайгерт (48 кг-ға дейін), ал ұлдар арасында Темур Турманидзе (55 кг-ға дейін) және Асқар Нұрахмет (73 кг-ға дейін) бар.

Қола жүлдені 50 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Саян Жанатай жеңіп алды. Ол – Қарағанды қаласындағы Әлия Молдағұлова атындағы спорттық интернаттың 10-сынып оқушысы. Дзюдоға алғашқы қадамдарын Бұқар жырау ауданының Ботақара кентінде жасаған жас

спортшы бүгінде БЖСМ тәрбиеленушісі, бапкер Қазбек Қабдығаниевтің шәкірті.

– Жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Қарсыластарымның барлығы тыңғылықты дайындалған. Бұл турнир маған мол тәжірибе болды. Алдағы мақсатым – биік белестерді бағындыру, – дейді Саян Жанатай.

Қазақстандық дзюдошылардың халықаралық аренада өнер көрсетуіне Jenum кәсіби дзюдо клубы, сондай-ақ, бапкерлер Ислам Бозбаев пен Әсет Түсіповтің қолдауы зор екенін атап айту керек. Жарысты Мысыр дзюдо федерациясы ұйымдастырған.

Өз тілішімізден

• ЖӘДІГЕР


Қарқаралы – қазына

Қарқаралы сынды шежірелі өңірдің ежелгі тас дәуірінен бастап, қазіргі кезеңге дейінгі тарихи-мәдени тынысының алтын көмбесіне айналған аудандық тарихи-өлкетану музейі – өңірдің бай тарихын сақтауда, келешек ұрпаққа жеткізуде, ерен тұлғалардың еңбегін насихаттауда, қоғамдық сананы заманауи талаптарға сай тәрбиелеуде маңызды қызмет атқарып келе жатқан ғылыми-мәдени орталық. Құрылғанына жарты ғасырға жуықтаған мекемеде осы шұратта туып-өскен, туған жерінің, елінің бостандығы мен бақыты үшін еңбек еткен перзенттері тіршілігінде пайдаланған жәдігерлер баршылық.

Ермек БАЛТАШҰҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда музей қорында 8300-дей жәдігер жинақталған. Жинақтар археологиялық артефактілерді, этнографиялық жазбаларды, қазақ қолданбалы өнерінің бұйымдарын, нумизматикалық заттарды, сирек кітаптар мен қолжазбаларды, тарихи құ-

жаттар мен фотоматериалдарды және кәсіби суретшілердің картиналарын қамтиды. 671,8 шаршы метр экспозициялық кеңістікке орналасқан материалдар өңір тарихы мен мәдениетінің әртүрлі кырларын ашып көрсетеді. Қарқаралы тарихи-өлкетану музейіндегі мәдени-ағартушылық, ғылыми маңызы зор жәдігерлердің бір парасы кіндік қаны



осы қасиетті топырақта тамған найзағай ақын Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығына қатысты.

– Жарық дүние есігін ашқа-

нына биыл 115 жыл толатын біртуар тұлға Қасым Аманжолов тіршілігінде тұтынған, қолының табы қалған заттарды, суреттерін, қолтаңбасы кестеленген бір па-



рақ қағазды қызы Дариға ақынның туғанына 100 жыл толуы қарсаңында музейге тапсырды, – дейді мекеменің қор сақтаушысы Айтбану Қадырова.

Өмір – өзен. Бұл күнде Дариға Қасымқызы да жоқ. Ақынның мұрасын, пайдаланған бұйымдарын көзінің қарашығындай сақтап келген перзенті 2024 жылғы желтоқсан айының басында, 78 жасында бақиға аттанды. Марқұмның топырағы торқа болсын! Бірақ Қасым Аманжолов ұстаған, ақын рухымен қуаттанған бұйымдар – құжаттар мен қағаз салатын папка, сепешот, шәйнектер, металл сауыттар мен ағаш тостағандар, білте шам мен шағын кілем, отбасылық суреттер Қарқаралы тарихи-өлкетану музейіне келушілерді ерекше әсерге бөлеп әлі де ұрпақтардың сан буынына қызмет ете бермек.

Қарқаралы ауданы

Суреттер автордан

• КЕЗДЕСУ

Алма гүлінің иісі аңқыған кеш

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада ақын, журналист Жәлел Қуандықұлының «Жырға айналып барады мына дүние» атты әдеби кездесу кеші өтті. Поэзия мен сырлы ой тоғысқан кездесуге зиялы қауым өкілдері мен оқырман қауым қатысты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Келелі кездесуді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің аға оқытушысы Нұртілеу Сиязбаев тізгіндеді. Кеште күні кеше ғана оқырманға жол тартқан ақынның «Алма гүлінің иісі» атты жыр жинағы таныстырылды. Бұл – Жәлел Шалқардың екінші кітабы. Қырықтың қырқасына шығып, жаңа жасымен жарыса жеткен жинақ мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген. Кітапқа ақынның соңғы жылдары жазылған, сиясы кеппеген өлеңдері енген.

Тізгінқағар сөз кезегінде ақынның аға буын қаламгер әріптестері – Сүйіндік Жанысбай, Серғазы Қабылдаұлы, Еркін Мұсабек, Жанат Жаңқашұлы және өзге де үзегілес достары жылы лебіздерін білдірді.

– Жәлелмен 2009 жылдан бері етене араласып келеміз. Бәріміз бір терінің пұшпағын илеп жүргендіктен, қашан да бір-бірімізге қолдау, демеуді аяған емеспіз. Оның өрнекті өлеңдерін талғампаз оқырман бұрыннан жоғары бағалайды. Ақын поэзиясындағы «сағыныш» тақырыбы – көп өлеңдерінің өзегі. Екі кітаптың арасы он жыл болғанымен, осы уақыт ішінде шығармашылық тұрғыдан едәуір өсу бар. Алдағы уақытта да досымның өлең өлкесінде өрісі кеңейе берсін деп тілек қосамын, – деді ақын Ерболат Қуатбек.

Кітап атауына үнілсек, автордың айтуынша, жинақтың тақырыбын шоқтығы биік өлеңдерінің бірі «Алма гүлінің иісі» деп таңдапты. Әрі ақын бала күнінде алма бағының ортасында асыр салып өскенін де тілге тиек етті. Алма ағашының мамыр айының соңында кеш гүлдейтіні секілді, ақын да «Ештең кеш жақсы» деген ұстанымды өмірлік қағида етіп жүргенін атап өтті.

– Алғашқы «Құмдауыт» атты кітабым осыдан тура он жыл бұрын жарық көрді. Екінші жыр жинағым да мерейлі жасыммен жарыса қолыма тигеніне дән ризамын. Өзім осы ілім

ордасында қызмет атқарған соң, кітапхана ұжымының ұсынысын қуана қабыл алдым. Бұл кітабым – соңғы жылдардағы ішкі ізденіс пен өмірлік толғаныстардың жемісі. Оқырманның жүрегіне жол таба алса, мақсатымның орындалғаны деп білемін, – деді кеш иесі.

Кеш барысында ақынмен ашық форматта еркін әңгіме өрбіді. Жәлел Шалқар жаңа өлеңдерін тебірене оқып, кештің шырайын кіргізді. «Қасқадан қасқа тумаса да, төбел туады» демекші, ұлы Нұрасыл Қуандық күмбірлеген күй тартып, өнер көрсетті. Сондай-ақ, Нұрасыл Аманжол, Ақжігіт Сағынтай, Қуаныш Салтанат сынды жас өрендер мен Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің студенттері ақын өлеңдерін жатқа оқыса, талантты әнші Заманай Исатай ақын сөзіне жазылған әнді әуелетті. Өнін талантты жас композитор Ердоос Қожа жазған. Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Жанат Жаңқашұлы кеш иесіне есімі елге етене таныс қылқалам шебері, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Еркін Темірғалиевтің ақынның «Көсеу» атты өлеңіне салынған иллюстрациялық суретін тарту етуі – кештің ерекше сәттерінің бірі болды.

Кездесудің соңғы бөлімінде көрермендер, әсіресе студенттер тарапынан қойылған сауалдарға ақын тұшымды жауап берді. Кеш соңында Жәлел Шалқар келген қонақтарға және іс-шараның өтуіне ұйытқы болған кітапхана ұжымына шынайы алғысын білдірді.

Мирас Асаннның «Есімің кім?» деп едім, Жәлел деді, Айбынды екен әр сөзі, әр өрнегі. «Поэзия жоқ» дедім әдейі оған, «Поэзия бар» деді, дәлелдеді» дегеніндей, ақын шығармашылығы алдағы уақытта да шарықтай беріп, қаламының қарымы қарыштайды деп бек сенім білдіреміз.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

 ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелгі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.
--

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJKBZKX БИН 000840001412

Тарапымы 3 969

№8 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ